

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*  
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**7/2014 ШІЛДЕ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### *Оқыту сапасы, көптілді және билингвалдық білім жөнінде*

Республикалық семинар-кеңеске қатысушылардың ұсыныстары.....3

### *Мұғалімдерге көмек*

Анар БАЙКЕНОВА. Сауатты жазу дағдысын дамыту.....11  
Майра БЕЙСЕБЕКОВА. Қазіргі қоғамдағы қазақ тілінің рөлі.....18  
Камила АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ. Ұлттық ойындарды қолдану – қазақ халқының мәдениетіне жол ашу құралы.....25

### *Тиімді әдіс – баршаға ортақ*

Ләззат ЕСІМҚЫЗЫ. Орыс тілді аудиторияда білім сапасын арттырудағы ұлттық ойындардың тиімділігі.....40

### *Мұғалім мінбесі*

Базаргүл КӨЛБАЕВА. Тіліміздің тағдыры – еліміздің тағдыры.....47

### *В мире педагогики*

Асия АБЕНОВА. Использование модуля кембриджской программы в планировании серии последовательных уроков «новые подходы».....53

### *Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті*

Бақыт ӨТЕТЛЕУОВА. Мұқағали музасында.....62

### *Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

Гүлназ ШҮЙІНШИНА. Сын есімдер сыры – жыл мезгілдерінде.....71  
Назым ИМАНҚҰЛОВА. Ертегілер әлемі тіл дамытар.....73  
Айтолқын МЕҢДЕКЕЕВА. Астана – бас қала және сөз байлығы.....80  
Тұрсынқұл ЖАППАРОВА. Етістіктің райлары.....90  
Дәмежан ШАКЕРОВА. Етістіктер елінде – табиғат тамашасы.....93

### *Сайыс сабағында*

Дидар ЖАМАНҚАРИНА. Саяси сауаттылық пен «Алтын бесік».....98

### *Білім негізі – бастауышта*

Гүллайым ІЗБАСАРОВА. Тіл ұстартқан оқу құралдары.....103  
Ақмарал ЛЕСОВА. Сөзге бай менің киімдерім.....106

### *Білім сынағында*

Роза МАХАМБЕТОВА. Қазақ тілінен 3-сыныпқа арналған тест сұрақтары.....112

### *Сыныптан тыс тәрбие*

Анар МҰҚАШЕВА. Тіл – халық жаны.....119  
Гүлзагира ТАСТАҒАНОВА. Тәуелсіздік тұтқасы.....125  
Шынар ЖАҚАНҚЫЗЫ, Гүлпаш ДӘУЛЕТКЕЛДІҚЫЗЫ. Тәуелсіз ел ұланымыз.....129  
Бақытгүл НЕМЕРЕНОВА. «Ұлттық құрама».....138

### *Шәкірт шабыт шағында*

Жұлдыз БЕРДІБЕКОВА. Фариза апа. Абайға арнау.....142

*Оқыту сапасы, көптілді және билингвалдық білім жөнінде*

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР-КЕҢЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 115 бұйрығы негізінде Білім және ғылым министрлігі Жамбыл облыстық білім басқармасымен бірлесіп осы жылғы 15-16 мамыр күндерінде Тараз қаласында жалпы білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сапасын арттыру, көптілді және билингвалдық білім беру мәселелеріне арналған Республикалық семинар-кеңес өткізді.

**Республикалық семинар-кеңесті өткізудегі мақсат:**

- Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласына жүктелген алдағы жылдарда мектеп бітірушілердің барлығы (100 пайызы) мемлекеттік тілді біліп шығу қажеттігі жөніндегі тапсырмасын орындау;

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісіне «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының

тәжірибесін ескеріп, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу жөніндегі тапсырмасын орындау;

- Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы білім берудің сапасын жақсарту, Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тілге айналған ана тілімізді ұлттың ұйтқысы ету жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру;

- Қазақстан мектептерінде ХХІ ғасырда қазіргі заман талаптарына сай қазақ тілін оқыту, қазақ тілінде білім беру, ұлттық тілдегі мектептердегі көптілді және билингвалдық оқыту жүйесінде жүргізілген жұмыстардың жайын және осы саладағы өзекті мәселелерді талқылау;

- Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту, көптілді және билингвалдық білім беру сапасын арттыру мақсатында мұғалімдерді халықаралық тәжірибемен, еліміздің дарынды ұстаздарының озық әдістемелерімен таныстыру, өзара тәжірибе алмасуларына жағдай жасау.

Республикалық кеңес жұмысына ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық әкімдіктің, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы филиалының, «Қазақ тілі мен әдебиеті» республикалық журналының өкілдері, еліміздің ұлттық, мемлекеттік университеттерінің оқытушылары, облыстық, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының, облыстық біліктілік арттыру институттарының мамандары,

Жамбыл облыстық білім беруді басқару органдарының басшылары, тілші, әдебиетші ғалымдар, Назарбаев Зияткерлік мектебінің, жалпы білім беретін ұйымдардың, республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қатысты.

**I.** Кеңестің Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының базасында өткен пленарлық мәжілісінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бас сарапшысы Р. М.Батталдың *еліміздің жалпы білім беру ұйымдарында қазақ тілі мен әдебиетін оқыту, көптілді және билингвалдық білім беру мәселелері туралы*, Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасы басшысының орынбасары Ж.Е.Бекбатырованың *облыстың жалпы орта білім беру саласында атқарылып жатқан жұмыстары туралы* баяндамалары, сонымен қатар «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының бас редакторы З.Шілдебайұлының, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, ф.ғ.д. Ж.Қ.Смағұловтың, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті, ф.ғ.д. Н.Ә.Ілиясованың, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінің деканы, ф.ғ.к. А.Н.Тұрарованың, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Н.Ш.Алметовтің, қазақ тілі оқу-әдістемелік кешендерінің авторы, әдіскер С.С.Жұманованың, Алматы қалалық А.Розыбакиев атындағы № 153 мектеп-гимназия директоры

Ш.Н.Умаровтың, Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі Қ.Е.Бешімбаеваның, Астана қалалық Білім басқармасының әдіскері М.Ә.Әбуованың, Қарағанды қазақ-түрік лицейінің мұғалімдері А.А.Игенова мен Г.Ә.Егінбаеваның қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың, көптілді және билингвалдық білім берудің өзекті мәселелері жөніндегі **баяндамалары тыңдалып талқыланды.**

**II.** Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің республикалық, облыстық конкурстарының бірнеше дүркін жеңімпазы Б.Т.Әділов *«Қазақ әдебиеті пәнін жүйелі оқыту арқылы жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу»* тақырыбында **шеберлік дәрісін** жүргізді.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының сарапшысы А.П.Стоянова *«Көптілді білім беру жағдайында мемлекеттік тілді оқытудың ерекшеліктері» (Особенности изучения государственного языка в условиях полиязычного образования)* тақырыбында **шетелдік тәжірибелер бойынша тренинг** өткізді.

Шымкент қалалық Ю.Сареми атындағы №107 мектеп-гимназия директоры Б.У.Нұралиевтің *«Ұлттық тілде оқытатын мектепте көптілді білім беруді енгізудің 2013-2015 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары»* аясында мектепшілік жоспарлау мен ұйымдастыру жұмыстары» атты **тәжірибелік тұсаукесері** өткізілді.

**III.** Семинар-кеңестің екінші күні - 16 мамырда Тараз қаласындағы қазақ тілінде оқытатын № 53 орта мектептің, орыс тілінде оқытатын №1 гимназияның,

аралас тілде білім беретін №12 мектеп-гимназияның базаларында жүргізілген секциялық мәжіліс жұмысы аясында Жамбыл, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының тәжірибелі мұғалімдерінің **ашық сабақтары, сыныптан тыс түрлі шығармашылық шаралар, пікір алысулар** жүргізілді.

**IV.** Кеңес жұмысын қорытындылау мақсатында *«Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу және көптілді, билингвалдық оқыту мәселелері»* тақырыбындағы **Дөңгелек үстел отырысы** өткізілді.

Семинарға қатысушылар республикалық семинар-кеңестің ұйымдастырылуы мен өткізілуі теориялық және практикалық тұрғыда жоғары деңгейде өткенін атады.

Семинар-кеңестің пленарлық және секциялық бөлімдеріндегі пікір алысулар мен талқылауларды қорытындылай келе, республикалық семинарға қатысушылар **ұсынады:**

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне, облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларына, Республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттарға:**

1. Елбасы тапсырмасына сәйкес орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектеп бітірушілерінің қазақ тілін толық (100 пайыз) В<sub>1</sub> деңгейінде меңгеруін қамтамасыз етудің іс-шаралар жоспарын бекітіп, жүйелі жұмыс жүргізсін. Жыл сайын сәуір-мамыр айларында Министрлікке есеп беріп отырсын.

2. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердегі мемлекеттік тілді халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту, Елбасы тапсырмасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін ескеріп, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу жұмыстарын қатаң бақылауға алсын.

3. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерді мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту бағдарламаларымен, қазақ тілі мен әдебиетінің оқулықтарымен, оқу-әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етсін.

4. Қазақ тілі мен әдебиетінің оқу кабинеттерін мультимедиалық, лингофондық, интерактивтік құрал-жабдықтармен, электронды оқулықтармен жарақтандыруды жалғастырсын.

5. Ұлттық тілді мектептер мен сыныптарда осы жылғы 1 қыркүйектен ғылым негіздерін көп тілде және билингвалдық үлгіде оқытуды қамтамасыз етсін.

6. Пән мұғалімдері үшін пән мен тілді кіріктіре оқыту әдістемелері мен технологиялары бойынша коучингтер, тренингтер ұйымдастырып өткізсін.

7. Көп тілде білім беретін мұғалімдер біліктілік арттырудың деңгейлік курстарына кеңінен тартылсын.

8. Ұлттық тілді мектептер мен сыныптарда осы жылғы 1 қыркүйектен ұлттық бірыңғай тестілеу пәндері математика, Қазақстан тарихы 5-сыныптан

бастап билингвалдық тәсілмен, яғни, ана тілі және қазақ тілінде оқытылсын.

9. Озық тәжірибелер жинақталып таратылсын:

Республикадағы қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері арасында Ш.Смағұлов атындағы Алматы облыстық мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әділов Бақытнұр Тәліпұлының;

Алматы облысы мен Алматы қаласындағы ұйғыр тілінде білім беретін мектептер арасында Алматы қалалық А.Розыбакиев атындағы №153 мектеп-гимназияның;

Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы өзбек тілді мектептер арасында Ю.Сареми атындағы №107 мектеп-гимназияның озық тәжірибелері.

**«Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығына:**

Қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарының, оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын, мазмұнын қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкестендіру жұмыстарын іске асырсын.

«Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамына және өңірлер бойынша филиалдарына:

1. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердегі мемлекеттік тілді халықаралық стандарт негізінде деңгейлеп оқыту, Елбасы тапсырмасына сәйкес «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының тәжірибесін ескеріп, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу бойынша арнайы курстар, семинар-тренингтер жүргізісін.

2. Мемлекеттік тілді оқытатын мұғалімдердің курстарында Елбасы тапсырмасына сәйкес орыс, өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде оқытатын мектеп бітірушілерінің қазақ тілін толық (100 пайыз) В<sub>1</sub> деңгейінде меңгеруіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді қарастырсын.

3. Әрбір өңірде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың, ұлттық тілді мектептерде көптілді, билингвалдық білім берудің озық тәжірибелері зерттеліп, жинақталып таралуына мүмкіндік жасайтын авторлық шеберханалар, панорамалық, on-line режиміндегі және виртуалды сабақтар мен кәсіби шеберлік байқаулары жүйелі әрі жоспарлы түрде ұйымдастырылсын.

4. Жалпы білім беретін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың, ұлттық тілді мектептерде көптілді, билингвалдық білім берудің сапасын арттыру мәселелеріне арналған оқу-әдістемелік семинарлар, ғылыми- практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер ұдайы өткізілсін.

*(Республикалық семинар-кеңеске қатысушылар қабылдаған.  
2014 жылғы 16 мамыр).*

**Анар БАЙКЕНОВА,**  
**Шығыс Қазақстан халықтарының**  
**тілдері мен мәдениетін түлету мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Өскемен қаласы.

## **САУАТТЫ ЖАЗУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ**

Мәдениеттіліктің басты белгісі – сауаттылық. Сауаттылық дегеніміз не? Біріншіден, ол сауатты оқи және жаза білу, грамматикалық қателерді жібермеу.

Қазақ тілін оқыту әдістемесімен айналысқан Д.Тұрсынов: « ... оқушыларды қалай сөйлей де, сауатты жаза да білуге, яғни, ауызша тілін дамытумен қатар жазбаша тілін де бірге ала жүру керек». Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық.

Оқушы қазақ тілінде дұрыс байланыстырып сөйлесе десек, ол дұрыс, қатесіз жаза да білуі қажет.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің өз тәжірибесіне сүйенген пікірлері бойынша құрғақ сөздерді жаттай бергенше, сол сөздермен жазба жұмысын, жаттығулар жүргізгенде оқушының есте сақтау қабілеті жақсы дамиды.

Сондықтан мектептерде жазу сабақтарын дұрыс ұйымдастыру қажет. Ол үшін жазу сабақтарына арналған жаттығулар көбірек болып, ол жаттығулар кездейсоқ болмай, жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілуі тиіс.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Мектепте грамматиканы оқыту неғұрлым жақсы жолға қойылса, оқушылардың сауаттылығы да солғұрым жоғары болады.

Ал, мысалы, ережені мүдірместен айтып бергенімен, неге солай жазылып тұрғанын дәлелдей алмаса, оқушы ережені механикалық түрде меңгерген болып шығады, ол білгендерінің сауатты жазуға пайдасы шамалы болады. Сондықтан балалар мұғалімнің басшылығымен, тіл құбылыстарын, емле ережелерін бақылап, талдауға, оларды бір-бірімен салыстыруға, ой жүгіртуге, сипаттауға, өз беттерімен жазған жазу жұмыстарында қолдануға міндетті.

Қатемен жұмыс – сауаттылық кепілі.

Қазіргі замандағы оқу үрдісі қоғамдағы даму талаптарына сәйкес келу керек.

Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектеп оқушылары қазақша ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба тілінде де қателер жіберетіні жасырын емес.

Орыс мектебінде оқитын балалар сөйлем құрғанда, орыс тілінен қазақшаға аударғанда, жазба жұмыстарын орындағанда ұқсас қателер жібереді.

Өкінішке орай, кейбір мұғалімдер оқушы қатесіне онша мән бере қоймайды немесе жай ғана түзете салумен шектеледі.

Жазудағы сауаттылық емле және тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

Мұғалімнің міндеті – жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын бір деңгейге келтіру. Сонда ғана біз мәдениетті, сауатты тұлға тәрбиелей аламыз.

Күнделікті сабақ барысында кей пәндерден үлгерімі төмен оқушылар кездесіп жатады. Сондай оқушылармен қазақ тілі пәні бойынша жеке жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Оқушылардың қазақ тілі заңдылықтарын терең меңгермеуі, мұғалімнің қатемен жүйелі жұмыс жүргізбеуі салдарынан оқушыларда дұрыс сөйлеу, жазу қалыптаспайды, сол себепті қателер жылма – жыл қайталанып отырады.

Орыс мектебінің оқушылары қазақ тілі сабақтарынан өзге уақыттың бәрінде орыс тілінде қарым-қатынас жасайды. Сөздердің жазылуына мән бермей, сөздікпен жұмыс істемегендіктен, оқушының қазақша сауатының нашарлығының бір ұшы осында жатыр деп санауымыз керек. Оқушылар орфографиялық қателерді келесі себептен де жібереді:

1. Сөздің мағынасын түсінбей, басқа мағынаны білдіретін немесе мағынасыз сөзді жазып қояды.
2. Қазақ тілі заңдылықтарын білмеу.
3. Қазақ тіліндегі қосымшыларды дұрыс меңгермеу.

Үлгермейтін оқушыларға қазақтың төл дыбыстары **ұ** мен **ү**, **ң** мен **н**, **ы** мен **і** дыбыстары арасындағы ұқсастықтар қиындық туғызады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақтылы мысал келтірейік. «**Н**» әріпін алайық та, оның қандай жағдайларда жазылатынын талдап көрейік. Оқушылар алдымен «**Н**» әріпімен жазылатын түбір сөздерді есіне сақтау шарт. Мысалы, таң, жеңіл, алаң, көлеңке, оңай, аң, т.б. Қандай қосымшалар «н» әріпімен жазылатынын оқушылардың есіне салып отырамыз.

Олар мыналар:

1. Ілік септік тұлғасындағы сөздер, мысалы, **баланың, үйдің**.

2. Жіктік жалғаудың II жағы, мысалы, **оқисың, жүресің, оқушысың**.

3. Тәуелдік жалғаудың II жағы, мысалы, **үйін, қаламың, жұмысыңыз**.

4. Сын есімнің **-ыңқы, -іңкі, -шаң, -шең, -аң** жұрнақтары, мысалы, **көтеріңкі, сөзшең**.

Осы әріптің жазылуы туралы үнемі қайталай отырып, тәжірибеде пайдалана білуге баулыған жөн.

Осы қиындықты жою үшін әр сабақта жаттығу жұмысынан кейін міндетті түрде оқушы сөйлем ішінен осындай дыбыстарды тауып, сөздерде қолданылуына мән бергізіп, әр түрлі жаттығу тапсырмаларын орындату керек.

Мысалы: Төл дыбыстарды үйреткенде.

Ә әріпі сөздің 1-буынында, жіңішке сөздерде қолданылады.

Әже, әке, дәрігер, әрбір, т.б.

Тілде Ә әріпінің осы негізгі ережеге бағынбай қолданатын жерлері бар.

Мысалы: Сірә, мәрмәр, Күләш, т.б.

Осы бағытпен қазақ тіліне тән дыбыстарды түсіндіру тиімді деп ойлаймын.

Төл дыбыстарды бекіту мақсатымен сабақта мынадай ойын түрлерін қолдануға болады:

«Кім жылдам?» ойыны.

1. Тек қана (а, е, ы, і) дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар.

Мысалы:

Ы (ыдыс, ыстық, ыдырыс);

І (ілгіш, ірімшік, тіршілік);

Е (береке, текемет, ермек).

2. Қай жағынан оқыса да мағынасы өзгермейтін сөздерді ойлап жазыңдар.

Мысалы: нан, қырық, қазақ, қызық, ара, кебек, кесек, қабақ, т.б.

3. «Адасқан әріптер» ойыны. Дыбыстарды тіркестіріп сөз жасаңдар:

1. Р, О, Б (бор);

2. А, Ш, А, Ғ (ағаш);

3. К, Т, Р, Е, М, Е (керемет).

Сауатты жазуға бағыттаудың тағы бір жолы – оқушылардың үндестік заңын толық меңгеріп, қолдана білуі. Сабақта мынадай тапсырмаларды қолдануға болады:

Түбір сөздерге түрлі қосымшаларды қосып жазыңдар.



Үлгі: оқу + мен, оқу + ға, оқу + лық, оқу + шы.

Сөз, жер, ат, бас, қол, батыр. (-шы, -лық, -да, -ға, -мен).

Қарамен берілген сөздердің түбірлерін анықтаңдар. Түбірдің соңғы дыбысының өзгеру себебін түсіндіріңдер.

Үлгі: еңбегі – еңбек.

1. **Еңбегі** аздың өнбегі аз.

2. **Ердің** атын еңбек шығарар.

3. **Жердің** сәні – егін, ердің сәні – білім.

4. Кітап – білім **бұлағы**, бұлақ – өмір **шырағы**.

5. Еңбек түбі – береке.

6. **Білімді** мыңды жығады, **білімсіз** бірді жығады.

7. Білім – бақтың жібермейтін қазығы, білімсіз бақ – әлдекімнің **азығы**.

Оқушылардың сауаттылығын көтеруде және бағалауда диктант түрлерінің мәні зор. Сабақта әр түрлі диктант түрлерін өткізуге болады.

Жаңа сөздерді бекіту мақсатында, көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында сөздік, көру диктанттарын өткізген тиімді.

Оқушылардың өтілген материалды қандай дәрежеде игергендігін анықтау және бекіту үшін терме және бақылау диктанттарын өткізу пайдалы.

Осы диктанттардан кейін жіберілген қателерді анықтап, оқушы қатені неге жіберді, қандай тақырыптарды толық игермеген, олардың көп жіберетін қателері қандай деген сұрақтарға жауап беру үшін үнемі қатемен жұмыс жүргізу қажет. Қатемен жұмысты мынадай тәсілмен жүргіземін:

Оқушы қатесін табады, ережесін анықтайды, дұрыс жазу емлесін түсіндіреді, басқа мысалдар келтіреді.

Бақылау жұмыстарын тексергенде жұппен жұмыс жасауға болады. Балалар жұпта бақылау жұмыстарын бір-бірімен салыстырып, бір-бірінің қателерін тауып алады және бір-біріне түсіндіреді. Бұл ізденісте қабілетті оқушылар үлгерімі төмен оқушыларға көмектеседі, жұппен жұмыс жасалады. Оқушылар қателерін тауып түзетеді, теріс жазған себебін анықтайды, ереже шығарады, дәлелдейді. Мұндай жұмыс тәсілі оқушыларды бірінің жауабын бірі тыңдауға, мәдениетті қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда, оқушының есте сақтау қабілетін, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін көшіріп жазу, ереже жаттау, әр түрлі грамматикалық тапсырмалар қолдану, фонетикалық, морфологиялық талдаулар жасау, диктант түрлерін жүргізу әдістері де өте тиімді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
2. З.Ахметжанова. Қазақ тілі. Грамматика. Жаттығулар жинағы. А., 2007.
3. М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы.
4. Оқу бағдарламасы.

**Майра БЕЙСЕБЕКОВА,**  
Алматы қаласындағы  
№ 97 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## **ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ РӨЛІ**

Тіл – барлық құндылықтың негізі. Белгілі бір ұлттың дамуы өзінің ұлттық тілін сақтай білуіне тікелей байланысты.

Тіл, ең алдымен, сауатты жазудан көрінеді. Көптеген ұлт өкілдері тұрып жатқан Қазақстандағы қазақ тілінің еліміздегі басқа да тілдермен байланысы, олардың бір-біріне әсері мен ықпалы сияқты мәселелер – негізгі зерттеу нысаны болып саналады.

Сауатты жазуда (ауызша немесе жазбаша түрде) жолма-жол жеткіземін деп қателесіп жатады. Мұғалім де «Әйтеуір, ойын жеткізді ғой!» деген көзқараста болмау керек. Ол – тіліміздің табиғи қалпының біртіндеп бұзылуына әкеп соғады.

Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де...» деген сөзін ұмытпаған жөн.

Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерін қоя тұрайық, біз қазақтар неге бір-бірімізбен қазақша сөйлеспейміз. Міне, басты мәселе – осында.

Кез келген ұлт өз ана тілінің қоғамдағы рөлін анықтап білмей, оның мәртебесін көтеруі мүмкін емес. Өзін елінің патриотымын деп санайтын азамат, ең алдымен, туған елінің тілін білуі тиіс.

Елбасымыз айтқандай, “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде”. Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданылу аясының кеңеюіне, қоғамдағы рөлінің артуына бұқаралық ақпарат құралдарының қосар үлесі зор. Бір қуантарлық жағдай – біздің көз алмай қарайтын теледидардағы ұлттық арналарымыздың қазақ тілінде хабар таратуы. Және де отандық газет-журнал басылымдарының қазақ тілінде жариялануы.

Алаш жұртының ардақты азаматтарының бірі, қазақ тілінің теориясын жасап, жетілдірген Ахмет Байтұрсынұлы былай деген екен: “Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады”.

Тәуелсіздік алғаннан кейін бәріміз де қазақ тілі дамиды, гүлдейді деп бөркімізді аспанға лақтырып қуандық. Елімізде қазақтардың үлесі көбейсе де, қазақ тілінің мәртебесі, оның қоғамдық қатынастардағы маңызы айтарлықтай арта қойған жоқ. Дүкенге, базарға бара қалсаң, бизнеспен шұғылдану, мемлекеттік қызметті атқару жұмыстарын алсақ, орыс тілінсіз әлі мүмкін емес. Есесіне, қазақ тілін білмейтін басшы қызметтегі адамдар көп және олардың ішінде қазақтар жетерлік. Көшеге шықсаңыз – жарнама, теледидар, радио қоса қалсаңыз – жарнама. Жарнаманы орыс тілінде жазғандықтан, өз тіліміз өз көшемізден көрінбей жүргені қынжылтады. Қазақ тілінің қоғамдағы рөлі де айтарлықтай арта қоймады.

Себебі, біз көшеге шыққанда, айналамызда сауатсыз жазылған жарнамаларды, көше, мекеме атауын, т.б. сөздерді жиі байқаймыз. Мысалы, гүл сататын жерде «Гульдер», көпшілік жиналатын орындарда «Кафесі Әйгерім», т.с.с. қате жазылған жарнаманы көреміз.

Қазақ тілі кімге керек?

Қазақ тілінің қажеттілігінің артуы, күннен күнге өсуі – сауатты сөйлеу мен сауатты жазуды жетілдіруде. Бұған, ең алдымен, біз – мұғалімдер жауап беруіміз керек. Яғни, сауаттылық – заман талабы. Бұл жай сөз емес, өзімнің тәжірибемде ұстанған мақсатым – оқушылардың грамматикалық сауаттылығын арттыру, ойлану, ойлау үрдісі арқылы өз ойын жеткізе білуін қадағалау. Осы мақсаттардан мынадай міндеттер туындап отыр: оқытудың жаңа технологияларының әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана отырып, сабақты мазмұнды, қызықты өткізуге мән беру.

Жарнама тек экономикалық табыс көзі ғана емес, белгілі деңгейде тәрбие құралы да болып табылады. Мысалы, Конфуцийдің сөзі бар ғой: естіп есте сақтаудан гөрі, көріп есте сақтау пайызы әлдеқайда жоғары.

Сондықтан, жарнама жасаушыларға айтарымыз, «халыққа жеткізгің келгенді дұрыс, сауатты жеткіз». Себебі, көпшілікке ортақ сезімтал мүше – тіл. Тіл арқылы адамның психологиясына тікелей жол ашуға болады. Қоғамды өсіретін де, өшіретін де – тіл. Сондықтан сауаттылық – бүгінгі таңдағы заман талабы екені сөзсіз.

Ана тіліндегі сауаттылық қашанда екінші, үшінші тіл үйренуде оң ықпал етері сөзсіз. Жалпы, сауаттылық (смс, ауызекі тілде сөйлесу, агент) ауадай қажет.

**1. Ауызша сауаттылық** (ана тілінің әсері, екінші тіл қиындықтары).

Ана тілінің әсерінен: *Ему десять лет* сөйлемін қазақ тіліне аударғанда, *Оған он жас* деп аударарды. Бұл сөйлемнің әр сөзін аударуға болмайтынын ескерту керек. Оның «*Он он жаста*» болып аударылатынын айтып жаттату керек. Ана тілінің әсерінен және екінші тіл қиындықтары салдарынан орыс тіліндегі *Когда он пришел домой* деген сөйлемді аударатын болса, сөйлемді *Қашан ол үйге келді* деп аударарды. Оның сұрақ емес екенін түсіндіріп, үйретіп алғаннан кейін құрмалас сөйлем жасау үшін қайта түсіндіруді талап етеді. Екінші тіл қиындығын ағылшын тілін үйренуде де осы сөйлемді *когда* сөзі арқылы бастайтынын мұғалім ескеру керек, яғни, 1-2 сабақ ішінде оны үйретіп үлгеру мүмкін емес, сондықтан лексикалық тақырыптармен қатар күнделікті қайталату арқылы ғана мақсатымызға жете аламыз.

**2. Жазбаша сауаттылық** (жазба жұмыстары: диктант, мазмұндама, шығарма, эссе, шығармашылық жұмыстар)

Күнделікті сабақта 5-6 сөзден тұратын сөздік жұмысы үздіксіз жүргізіліп отырады (мысалы: сурет, туған). Нәтижесінде:

1. Сөз ішінде НН, ЛЛ, ТТ, КК, ҚҚ, СС, ШШ, ПП, ММ тәрізді қатар келген

дыбыстардың бірін жиі тастап кететініне көңіл бөлу керектігі анықталады.

2. Жалғауларды үндестік заңына сәйкес жалғай алмауы кездеседі.

Қос сөздердің қосарланып, қайталанып қолданылатын түрінің емлесінен қате көп жіберіледі.

Біріккен сөздердің бір бүтін ұғым екендігін жете назар аудару арқылы түсіндіру керек. Мысалы: Жетіқарақшы (жұлдыз) екені талданады.

5. Қысқарған сөздердің емлесінен де жіберілген қателер болады.

6. Шылаулардың емлесінен қате жіберіледі.

*Меніңше*, әрбір білімі бар ұстаз осы қателерге жол бермеу үшін қандай жаттығу жұмыстарын орындау керектігін біледі деп ойлаймын. Сондықтан оларға тоқталмауды жөн көрдім.

Оқушылардың жеке тақырыптар бойынша меңгеру деңгейін анықтау үшін тестілеу, әңгімелесу, бақылау жұмысы арқылы жүзеге асырады, түзету оқушылардың білім деңгейлерін толықтыруға мүмкіндік береді. Бұл – қатемен жұмыс сабағы.

**Қатемен жұмыс** түрлері:



Орфографиялық Пунктуациялық Стильдік

Орфографиялық қателерге аз ғана көңіл бөлейік:

Фонетикалық қателер:	Морфологиялық қателер:
<ul style="list-style-type: none"><li>• «н» дыбысы;</li><li>• дыбыстар;</li><li>• буын;</li><li>• тасымал.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>• жұрнақ;</li><li>• омонимдік жұрнақ;</li><li>• жалғаулар.</li></ul>

• **Буын, тасымал.**

Сөздерді буын жігіне қарай айту, жазу заңдылығын білмегендіктен **тасымалдан** жиі қателесу басым. Тасымал қатеге есептелмейді.

Мысалы: *қайық, сауап, тауық* тәрізді сөздерді сауап, тау-ық деген түрде қате айту – қате жазуға жол ашады.

• «н» дыбысы бойынша нені білуі керек?

- түбір сөзде «н» дыбысы кездесетін белсенді сөздер қатарын жаттату керек.

- «н» әріпі кездесетін **жұрнақтарды** үйрету. (Олар көп емес)

- «н» әріпі жиі кездесетін **жалғаулар:**

1. Ілік септігіндегі «н» (Арманның дәптері);

2. Тәуелдік жалғауының II жағы (сенің дәптерің, сіздің дәптеріңіз);

3. Жіктік жалғау/ жекеше, көпше түрі (сен оқушысың, сен жаздың, жазасың, сендер әдемісіңдер).

Оқушыға міндетті түрде «н» түбір сөздерде келетінін ескерту керек. **Бірінші буында жиі** кездеседі: аң, аңқау, әңгіме, даңғыл, дөңгелек, еңбек, жаңбыр, жең, заң, қаңтар, маңдай, мең, оң, өң, реңк, саңырау, таң, таңдау, тең, шаң, шың, т.б.

Екінші буында сирек кездеседі: жаңа, жеңіс, кезең, көңіл, қайың, ертең, өлең, теңіз аңыз.

Салыстырмалы түрде «н» және «ң» дыбысын есте сақтауға болады.

кен	кең	тон	тоң
күн	күң	шын	шың
он	оң	қайын	қайың
өн	өң	ен	ең
сен	сең	мен	мең

Тек **жіңішке** (ә, ө, і, ү, е) дауыстылар қатарында **к, г** дауыссыздары жазылады.

Тек **жуан** (а, о, ы, ұ) дауыстылар қатарында **қ, ғ** дауыссыздары жазылады.

**Жіберілген қателермен жұмыс жасау:** *жазғаныңды тексер, түзет, қайта жаз*, т.б. оқушылардың белсенділігін көтеру және өздігімен жұмыс жасауға баулу.

Менің бүгінгі ұстанымым: сөйлем мен сөзді талдау жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отыру: салыстыру, талдау, жинақтау жұмыстары, “неге?” сұрағын көбірек қою.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға байланысты. Мектепте грамматиканы оқыту неғұрлым жақсы жолға қойылса, оқушылардың сауаттылығы да соғұрлым жоғары болады.

*Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен оның мұғалімдігі де жойылады.*

**К.Д. Ушинский.**

Камила АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№34 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНЕ ЖОЛ АШУ ҚҰРАЛЫ

**Жұмыстың мақсаты:** қазақ тілі сабағында қазақтың ұлттық ойындарын үйрету арқылы оқушылардың танымында қазақ халқының мәдениетін қалыптастыру.

### Міндеттері:

1. Ғылыми-педагогикалық әдебиетті ғылыми жұмыс тақырыбы бойынша талдау.
2. Бастауыш сынып оқушыларымен ғылыми жұмыс бойынша тәжірибелі педагогикалық жұмыс жүргізу.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы үшін тұжырым қалыптастыру.

### I бөлім. Тақырыптың өзектілігі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үрдісі қалыптасуда. Бұл үрдіс білім сатысының өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орынына жаңасы келуде.

Я.А.Коменскийдің, И.Герbartтың дәстүрлі объект-субъектілі педагогикасының орынын басқасы басты. Ол балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіруге, өзін танытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Мұндай жағдайда педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер оқушы мен оқытушының тұлғалық бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үдерісті кез келген үлгімен, тіпті, авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді.

Мұғалімнің басты мақсаты – орыс ұлтының баласын мемлекеттік тілде сөйлету. Қазақ тілінің құдіреттілігін, сырын сезіндіру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт талабын шыңдау қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында орыс тілді балаларға сабақ қызықты да тартымды өту үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін қалыптастыру үшін

ойын элементтерін пайдаланудың орыны бөлек.

Оқушылар сабаққа қарағанда ойынды ұнататыны белгілі. Ойын оқушылар сабақта зерігіп, шаршаған кездерінде сергіту мақсатында ғана емес, оларға негізгі ұғым, түсініктерді толық меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады.

Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып, өткен тақырыпты толық меңгерту, саналарында сақталып қалуға жұмыс істеу. Яғни, ойынның пәндік мазмұны басты назарда болуы керек. Тек сол жағдайда ғана ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарға жетуге септігін тигізеді. Ойынның басты мақсаты – баланы қызықтыра отырып, тіл үйрету. Ойын барысында баланың бірнеше танымдық қабілеттері дамиды. Солардың бастысы – есте сақтау қабілеті. Есте сақтау ойынның басты шартына айналса, оқушы сөзді, суретті, мәтінді әрі қимыл-әрекеттерді тез түсіне алады.

## **II бөлім.**

**Балтагүл Бағысбаева:** - Сабақтағы ойын – ұжымдық еңбек, сондай-ақ тәжірибелік мәні бар тәсілдердің бірі. Ойынды орындау барысында жеке оқушының қабілеті, іскерлігі көрінеді. Мұғалім әр оқушының жұмысын бағалауға мүмкіндік алады. Ойын оқушыға бірігіп жұмыс істеуге бағыт береді, сондай-ақ іздену дағдысын қалыптастырады. Ойындарды пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл, тиянақты, нақты түсіндіруге, игеруге жақсы

жағдай жасалып, оқушының санасында берік сақталуы шешуші рөл атқарады.

Ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары болады.

Олар:

- ойынның мақсаты нақты және оған керекті көрнекі құралдар алдын ала дайындалып қойылуы керек.

- ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс.

- ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет.

- ойын барысында мұғалім оқушылардың шешім қабылдай білуіне, ойлануына жол көрсетуі керек.

Ойын элементтерін оқу үрдісін пысықтау, қайталау, қорытындылау сабақтарында пайдалану өте тиімді.

Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса, оның берер пайдасы өте мол. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын дамытып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Мұғалім әр тақырыптың ерекшелігі мен қиындығына, жеңілдігіне қарай ойынды дұрыс таңдап алуы қажет, сондай-ақ белгілі мақсат қоя отырып, оқушының жас ерекшелігі де ескерілуі тиіс.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын іс-әрекетінің әлеуметтік жақтарын

айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған.

Д.Карнеги баланы ынталандыруға ықпал ететін ойын әрекетінің адам баласының санасында терең із қалдырып, оны жетістіктерге итермелеуге, өзін-өзі жігерлендіруге, өмірдегі өз орынын сезінуге көп мүмкіндіктер беретінін өз еңбектерінде баса айтқан. Ғалым: «Игру любит каждый, кто хочет приуспеть. В ней заложены самореализации, возможность показать, чего ты стоишь, добиться превосходства выиграть. В игре проявляется желание добиться превосходства, почувствовать собственную значимость», - деген.

Әр сабақта ойын элементтері мен ойын түрлерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттерін және физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырып, тілді үйренуге мол мүмкіндіктер жасайды. Әрі оқушыларды ынталандыра отырып, сабақтарды қызықты етіп, өнімді білім беруге зор ықпалын тигізеді. Ойын арқылы бала өз бетімен жұмыс жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, тіл үйренуде сөздік қорын қалыптастыруға жаттығады. Әр тапсырмаға белгілі бір уақыт беріп (30 секунд немесе 1 минут), баланың есте сақтау қабілетін дамытуға болады.

#### **Айтбала Қайырбекова:**

- Педагогикада оқу үдерісінің ынталандыратын ойындармен байланысты тиімділігі эмоционалды ынталандырылатын ойындармен байланыстырылады. Онда білім беру жүйесіндегі жалпы ойындарды үш топқа бөліп, ұсынады:

1. Шағын ойындар. Нақты тапсырманы ұғынып,оны орындау барысында бейім қалыптастыру үшін бір желідегі рөлдік ойындар қолданылады.

2. Оқу пәнін ұйымдастырудың ойындық формалары арқылы бастауыш сыныптарда сабақ өткізу үшін тиімді. Бір немесе бірнеше сабақты ойын ережесімен өткізуге болады. Ондай жағдайда талаптар нақты, оқушылардың танымы мен бейімі қалыптасатындай жағдайда, ойынды жүргізушіден кеңес алуға, тапсырманы орындауға мүмкіндік болады. Оқушының қарым-қатынас жасауға еркіндігін, жетістікке ұмтылысын, жеке қабілеттерін көрсете алатындай мүмкіндіктер болуын, тапсырманы орындау барысында жарысқа түсіп, жоғары нәтижеге ие болу қажеттілігін сезіндіреді.

3. Ұзақ мерзімді дамытушы ойындар тобына ұйымдастырушылық мерзімі бірнеше күн немесе бір аптадан бірнеше аптаға созылатын, арнайы тәрбиелік мақсатпен атқарылатын ойындар кіреді.

Аталған топтамадағы ойындарды тақырып мазмұнына байланысты тапсырмалармен сабақтастырып, оқушының белсенділігі мен ынтасын арттыру мүмкіндігі жоғары. Ойын арқылы сабақты қызықтыру мүмкіндігіне сүйеніп, үйрету үдерісіне эмоционалдық өзгерістер енгізу арқылы оқушылардың ынталылығын арттыруға болады.

Оқу әрекеті барысындағы тапсырмаларды орындауда ойын әдістері арқылы оқушының қызығушылығын арттырып, сөйлесім әрекеттерін игеруге ынталандыруға болады.

Мысалы,оқушылармен «Тауға шық», «Түйені жетектеу», т.б. ойындарды ұйымдастыруға болады.

Ойынның мақсаты: оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Ойынның шарты: Тақтаға тау мен оған шығатын баспалдақ суреті ілінеді. Оқушыларға тақырыпқа байланысты мынадай грамматикалық тапсырмалар берілді:

1. Берілген сөздерді қазақ тіліне аудару.

2. Олардан қазақ тіліне тән дыбыстарды табу.

3. Табылған сөздерге сөз ойлап табу.

4. Көптік жалғауын дұрыс жалғау.

5. Осы сөздерді орыс тіліне аудару.

Ойын арқылы оқушылардың сөздік қорын игеру мүмкіндіктерін дамытуға болады.

Жоғарыдағы тапсырманы тақырыптар аясындағы сөздерді жадыға сақтауға бейімдеу үшін тақырыпты атап, соған байланысты сөз тіркестерін сынып оқушыларының кезектеп айтулары тапсырылады. Ойын ұжымдық қатысым түрінде өтеді. Мұғалім «Көктем» деген сөзін естіген оқушылар отырған ретімен: қар ериді, күн жылиды, бәйшешек шығады, гүл өседі, ағаш гүлдейді, т.б. айтып, дұрыс жауап беру арқылы балл жинайды. Мұндай ойындар оқушыларды, біріншіден, ойынды жарыс арқылы орынды жауапты өз кезегімен беруге ынталандырса, екіншіден, берілген тапсырма бойынша сөзге лайықты етістікті табу – қисынды ойлау қабілетін байқатуға ынталандырады.



Д.Жүнісова ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту үшін оқушының қызығушылығын қалыптастырып, сыныптағы нашар оқитындарды да сабаққа нәтижелі тарту мақсатында ойындар жүйесін ұсынады. Қазақ тілі сабақтарында рөлдік ойындардың оқушыларға ынталандыра білім беруде маңызы зор. Ойындардың қажеттісін таңдап алу ұстаз шеберлігіне байланысты. Бастауыш мектепте тілдік ойындардың алатын орыны ерекше. Сондықтан әр сабақта сөздік ойындар қолдануға болады. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Оқушыларға ойын тәртібі түсіндіріледі. Ойын бастаушы тақырыпты атап, сол тақырып бойынша сөздерді атап шығуды талап етеді. Ойын бастаушы тақырып сайын басқа оқушылармен ауыстырылып отырылады.

Сөздік ойынын «Сиқырлы қоржын» деп атап, сынып оқушыларын екі топқа бөліп, қоржыннан алынған сюжетті суреттер бойынша жағдаятты тудыратын тақырыптарға байланысты ойынды жарыс түрінде өткізуге болады.

Геррит ван дер Коэй мен Г.М.Мейес ойынның эмоционалдық аспектілерінен оның басқа әлеуметтік аспектісін айқындаған. Балалардың ойынына олардың ата-аналары, мұғалімдері мен ойыншықтары әсер ететіндігін дәлелдеген. Үш аспектінің ішінде әлеуметтік аспект басым болады деп тұжырымдаған. Сол себепті қазақ тілі сабақтарында ұйымдастырылатын ойындарда баланы ұжымда басқалармен біріге отырып, әрекет етуге ортақ

мақсат үшін жұмыла білуге; ең бастысы, өзгелермен тіл табыса алуға тәрбиелеуге тілдік қарым-қатынас жасауға ынталануына айрықша мән беріледі.

Ғалымдар сабақ үдерісі кезінде ойынды қолдану шарттарына мыналарды жатқызады:

- ойын оқушылардың алдына тапсырма ретінде қойылады;

- оқушылардың оқу әрекеті ойын ережесіне бағынады;

- оқу материалы оқу құралы ретінде қолданылады;

- оқу әрекетіне ойын жұмыс элементтері ретінде кіреді;

- ойын нәтижесі бірден шығарылып отырады.

Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы мен ынтасын, зейінін арттырады.

Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жетелеу.

Бастауыш сынып оқушысының жас ерекшелігіне орай ойын тапсырмаларымен қатар оның бойында жауапкершілік, міндеттілік сезімдерін оятуға да назар аударылуы тиіс.

Ал қазақ тілі сабақтарында оқушының сөздік қорын жасау негізінде тілдік қатынасқа жол ашылады. Сондықтан ойынның негізгі мақсаты – оқушыны ойната отырып, тіл үйрету, білім беру. Төменде бірнеше ойын түрлері осы мақсатқа негізделген. Ойын әдістерін қолдану дәстүрлі оқытумен қатар жаңа технологиямен оқытуда да өз орынын алады.

### **Грамматиканы ойын арқылы меңгерту.**

Ойын – оқушылардың есте сақтау қабілеттері мен белсенділігін арттырады. 4-сынып. Білім жүйелеу сабағы.

Сабақтың тақырыбы: «Әй, осы септіктер-ай».

Сабақтың мақсаты: септіктер тақырыбы бойынша білімін пысықтау, дүниетанымын кеңейту. Өз ойларын тиянақты жеткізе білуге дағдылану.

- Септіктерге арналған тақпақ тыңдайсыңдар. Сол тақпақта қай сөздің септеліп тұрғанын айтып беріңдер.

Барлығыңа үлгі болар қарап тұр,  
Байсалды да, ақылды да Марат бұл.  
Жеке басым ең алдымен Мараттың  
Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.  
Сенбейсің бе күнделікті парақта  
Талай бестік қойылыпты Маратқа.  
Батыл емес дей алмаймын Маратты,  
Сол үйретті ауылдағы бар атты.

2. 1-сынып. Тақырыбы: «Әріптерді дұрыс тәртіппен қой» ойыны.

Мақсаты: Әріптерді әліпби ретімен қой.

Кім дұрыс қойса, сол оқушы жеңген болады. Оқушылар дәптерлеріне әріптерді мына тәртіппен жазады: а, ә, б, в, г, д.

2-сынып. «Тізбек» ойын.

Барлық әріптерді өткеннен кейін қайталау сабағында жүргізіледі.

Шарты:

Жүргізуші кез келген бір сөзді айтады. Ал келесі оқушы сол сөздің соңғы әріптен басталатын сөзін айтуы қажет.

Мысалы:

Бақша-ана-Асхат-тарақ-қалам.

Берілген уақытта ең көп сөз атаған оқушы жеңімпаз атанады.

3-сынып. «Метаграмма құру» ойыны.

Мақсаты:

Фонетикадан алған білімдерін тексере отырып, сөздік қорын байыту.

Мысалы:

1. бал-ал. 2. бай-ай. 3. бас-ас.

### **Сергіту ойындары.**

Бұл тапсырмаларды ауызша әрі жазбаша түрде орындатуға болады.

Қазақ тіліне тән 9 дыбысты өткеннен кейін оқушылар екі топқа бөлініп, кезекпен жүгіріп келіп, тақта бетінің екі жағына дыбыстарды жазып кетеді. Қай топ бірінші бітірсе, сол топ жеңімпаз атанады.

Жарыс түрінде өткізілген ойындар балалардың қызығушылығын дамытып, сабаққа деген сүйіспеншілігін тудырады. «Кім көп біледі?», «Кім тез, шапшаң?» деген ойындарды әр сабақта білімді саралауға, бекітуге тиімді қолдануға болады.

Ойын түрінде сөздік жұмысын қайталап бекітуге допты пайдалануға болады. Сөздерді орыс тілінде мұғалім айтып, оқушылардан қазақ тілінде талап етеді. Сол сияқты 1-4-сыныптарда сергіту сәттерін

де ойын түрінде өткізуге болады. Әрі барлық кимылдарды орындаса, тиімді болады.

Мысалы: Қояным, қояным,  
Орыныңнан тұршы.  
Бетінді жушы,  
Шашыңды тарашы,  
Айнаға қарашы,  
Ойнашы, ойнашы.

Сергіту ойындары оқушылардың зейінін жинақтауға, ойын тұрақтандыруға септігін тигізеді. Грамматиканы меңгертудегі ойындар.

Ойындарды төмендегі мақсатта пайдалануға болады.

Олар: 1. Қазақ тіліне ғана тән дыбыстарды дұрыс айтуға, жазуға жаттықтыруға;

2. Оқушылардың тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамытуға;

3. Жағдаяттар туғызып, іс-әрекеттер арқылы сөйлетіп үйренуге.

Белгілі педагог А.С.Макаренко баланың ойын үстінде түрлі таным-түсініктері, қасиеттері дамып, қабілеті мен белсенділігі артатынын атап көрсеткен. Сабақта ойналатын дидактикалық ойындардың маңызы зор. Ол ойындарды тақырып бойынша өзгертіп тұруға ыңғайлы болады. Ойынның мақсаты, шарты балаларға түсіндіріледі.

«Араларға көмек» ойыны.

1. Берілген сөздерден сөйлем құрау.

2. Түбір мен қосымшаны айыру.
3. Сұраулық шылауларды дұрыс жалғау.
4. Көптік жалғауын дұрыс жалғау.
5. Реттік сан есімдердің жұрнағын табу.
6. Септік жалғауларын табу.

### **ІІІ бөлім.**

**Ұлттық ойынды, дәстүрді үйрете отырып үйрету.**

**1-сынып.** Сергіту сәті. «Қояным», «Күн-түн» ойыны.

**3-сынып.** Грамматиканы меңгерту. «Бәйге, Көкпар, Көтермек, Арқан тартыс» ойындары.

**4-сынып.** Салт-дәстүрді үйрету. «Ат қою, Шашу, Тұсау кесу, Шілдеhana, Бата беру» ойындары.

Ат қою – балаға азан шақырып, ат қояды.

Шашу – қуанышты білдіретін ырым. Тойда әжелер үлкен табаққа кәмпит салып, оларды адамдарға шашады. Осылай адамдарға жақсылық тілегенін білдіреді. Шашуды бәрі теріп алады.

### **Шілдеhana.**

Сәби дүниеге келгенде шілдеhana тойы жасалады. Оған көп адам жиналады. Олар: «Бауың берік болсын!»- дейді. Қонақтар домбыра тартып, өлең айтады. Жұмбақ, жаңылтпаш айтысады.

### **Бата беру.**

Балаға жақсы тілек тілеп, жолы ашық болсын,- деп бата берілетін болған.

Ақылды бол, дана бол,  
Адасқанға пана бол.

Жақсыны мақта,  
Нашарды жақта,  
Момынды сыйла!

### **Тұсау кесу.**

Жас сәби жүре бастайды. Ата-анасы туыстарын, көршілерін шақырады. Баланың тұсауын кеседі. Бұл тұсау кесу тойы. Тойда тұсау кесу жырын айтады:

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Қадам бассан, мәз болам.  
Күрмеуінді шешейін,  
Тұсауыңды кесейін.

### **«Айгөлек» ойыны.**

Балалар теңдей екі топқа бөлінеді. Аралары 20-30 қадамдай аралықта бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады, қол ұстасып.

Бірінші топ:

- Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек,  
Ақ терек пен көк терек,  
Шауып алдым бәйтерек.

Ақ терек пен көк терек,  
Бізден Сізге кім керек?- деп хормен сұрайды.

Екінші топ:

- Айгөлек-ау, айгөлек,  
Айдың жүзі дөңгелек,  
Ақ терек пен көк терек,  
Шауып алдым бәйтерек.

Ақ терек пен көк терек,

Анау тұрған ... керек!- деп хормен жауап береді. Аты аталған бала жүгіріп, қарсы топтағы балалардың қолын үзуі керек. Егер үзіп өтсе, сол балалардың бірін өзімен бірге алып қайтады, үзе алмаса, өзі сол топта қалады.

Ойынның соңында қай топтың балалары көп болса, сол топ жеңеді.

Санағанша, балалар қайтадан шеңбер жасап, ортасына бір баланы алып, өлеңдете ойынды бастайды.

### **IV бөлім. Қорытынды бөлім.**

Қорыта келсек, ойын арқылы оқыту балалардың жүйкесіне салмақ салмай, қызықтыра, ұғындыра оқыта үйретуді ұйымдастыру әр ұстаздың шеберлігіне, шығармашылығына байланысты болмақ. Оқу орыс тілінде жүретін мектепте қазақ тілін оқытып үйретуде, оларды жас ерекшелігіне байланысты тілдік қарым-қатынасқа жетелейтін тиімді әдістердің бірі – ойын әдісі деп санауға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Г.Абилова, К.Байгабулова. А., Издательство. «Аруна». 2001.
2. А.Қайырбекова, Б.Бағысбаева. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. А., «Атамұра», 2012.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде». №4, №8, №9, №11, №12 (2009-2013).

## **ОРЫС ТІЛДІ АУДИТОРИЯДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

Педагогикадағы дәстүрлі құралдардың бірі – ұлттық ойындарды дұрыс пайдалана білу. Қазақ халқы қашан да бала тәрбиесін басты орынға қойған. «Тәрбие басы – бесіктен» деп тегін айтпаса керек, тал бесікті жалғастырар әр түрлі оқу орындарындағы педагогика мәселесі маңызды. «Ел боламын десең – бесігінді түзе» демекші, елдігімізді айқындайтын, тәуелсіздігіміздің тұғыры, төрт анамыздың бірі – ана тілімізді оқыту, жетілдіру бүгінгі таңның өзекті мәселесіне айналған. Сол сияқты орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың сапасын жақсартудың міндеттері білім беру тұжырымдамасында баса көрсетілген.

Орыс тілді мектептерде оқушылар деңгейін қазақ тілінде еркін сөйлей алатындай жағдайға көтеру – алғашқы міндеттердің бірі болуға тиіс. Өзім ұстаздық ететін колледжде осы бағытты мақсат етемін.

Сабақта тек қана көшіріп жазып, аудару, сөздік жаттау сияқты жұмыстар оқушыларды тез

жалықтырып жіберуі мүмкін. Сондықтан сабақта сергіту, жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында ойын түрлерін көп қолдану қажет. Кәсіптік білім беру мекемелерінде болашақ мамандарды мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасай білуге дағдыландыруды қазақ халқының ұлттық ойындарымен ұштастыра алсақ, ол үлкен жетістіктер беруі мүмкін. Ұлттық ойындардағы танымдық элементтерді сабақ барысында тиімді пайдалана алу, орыс тілді сыныптарда оқитын өзге ұлт оқушыларының пәнге деген қызығушылықтарын арттырады, қазақ халқының ұлттық ойындары мен салт-дәстүрімен танысып, оны құрметтеуге жол береді. Халықтың ұлттық ойындары – алуан түрлі, тәрбиелік мәні де өте зор. Мұнда ойын да, әзіл де, логиканы дамыту мен дене шынықтыру, эстетика, бәрі де бар. Яғни, оқушы қазақ тілін оқып-үйреніп қана қоймай, ұлттық сананы сіңіру, патриоттық тәрбие қоса жүзеге асады.

Әр түрлі ұлт өкілдері тұратын мемлекетіміздің азаматтарын қазақ халқының салт-дәстүрі мен өнері біріктіреді, өз Отанын сүйуге жетелейді. Оқытушы өз сабағында осы мәселелерді ұйымдастыру жолдарын мақсат ету қажет. Сабақ соншалықты тартымды да мазмұнды өту ең алдымен, оқытушының сабақты ұйымдастыруына байланысты екені белгілі. Сабақ барысында әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып жатады. Өзім білім беретін колледжде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қазақтың ұлттық ойындары мен салт-дәстүрлерін жағымды эмоция қалыптастыру, қызығушылықтары мен қабылдауларын арттыру

мақсатында қолдануға тырысамын.

Осыған орай ұлттық ойындарды сабақ барысында қалай тиімді пайдалану керек, оның қаншалықты маңызы бар, неге үйрететінін талдап, ойындағы ең қажетті элементтерді дұрыс қолдануды қарастырамыз.

Ойын барысында бірден ойынның мазмұнымен таныстырып, негізгі міндеттері мен мақсаттарының айқын болғанын қадағалаймын. Жалпы ойын сабақта оқушыларды өзін еркін ұстап, шығармашылық белсенділігін арттыруға үлкен әсерін тигізіп, оқушыны қуанышқа бөлейді. «Ойын» сөзінің өзі оқушы көңіліне өте таныс, құлақтарына жағымды естіледі. Яғни, «Қазір мынадай ойын ойнаймыз» - дегеннен-ақ бала көңіліне жылылық ұялайды. Ойын барысын түсіндіру кезеңі тез және жинақы болу қажет. Мысалы, оқушылардың сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеулерін дамыту мақсатында «Әрі оқу, әрі ойын» сияқты ойын түрін қолданамын. Аталған ойын көп түсіндіруді қажет етпейді. Бірнеше рет оқытып, жазғызса, есте тез сақталып қалады:

*Смех – күлкі, лиса – түлкі, народ – халық, рыба – балық, т.б.*

Дегенмен сюжеті мен шарттары көп ойын түрлерін оқытушы қызықты етіп және көрнекі құралдарды пайдалана отырып, баяндап беруі тиіс. Бұл жерде оқытушының міндеті студенттерді өз бетімен жұмыс істей білуге дағдыландыру, ойынға белсене қатысудың мазмұны мен мәнін жете түсіндіру. Әрбір оқушы ойын үстінде не соңында өзінің белсенділігі мен жақсы қатысқаны үшін бағаланып отыруы

міндет. Мұны да ойынды түсіндіру кезеңінде ескертіп кетсе, оқушылар көңіліне жігер мен ынта бойлайды.

Н.Крупская балалармен жұмыста ұлттық ойындарды қолдануды қажет деп таныған. Жүйелі және дұрыс қолданылатын ойындар студенттерге жағымды жағдай қалыптастырады, патриоттық және интернационалдық тәрбие беретінін айтқан.

Сонымен ұлттық ойындар оқытудың түрлі әдістерімен бірлесе отырып, тұлғаның қалыптасуы мен оқу сапасының артуына үлкен ықпалын тигізеді деп есептеймін.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының ішінде көбі дене шынықтыру салаларына бағытталған. Сабақ өткізу кезінде осы спорттық ойындардың элементтерін қолдануға тырысамын. Мәселен, «Ханталапай» мен «Асық ату» ойындарын балалар аса қызығушылықпен ойнайды, жақсы көреді және оның мазмұны мен мәнін біледі.

«Ханталапай» – ежелден келе жатқан, баланың шапшандығы мен ептілігін, батылдығын сомдайтын ойындардың бірі. Екі-үш топқа бөлініп жарыс өткізу кезінде немесе топ жетекшісін таңдап алуда дәстүрлі түрде «сен мына топта боласың» немесе «топ жетекшісі сен боласың»- деп бөліп жатқаннан гөрі «Ханталапай» ойынының шарты бойынша асықты көп жинағаны арқылы бөлу оқушылардың қызығушылықтарын арттырады. Сонымен қатар оларды қуантып, жақсы көңіл-күй туғызады және ойын әуелден қызықты басталады. Немесе топтық жарыстарда орын бөлу сәтінде тепе-тең түскен жағдайларда топ жетекшілері «Ханталапай»

ойнайды. Қай топтың жетекшісі көп асық жинайды, соларға бір ұпай артық саналады.

Жалпы алғанда, ойынды ыңғайға қарай, сабақтың мазмұнына сәйкестендіріп, әр түрлі элементтерін біріктіріп, қолдануға болады. Бұл жерде қатып қалған қағида жоқ.

«Асық ату» – дене шынықтыру ойындарының ішіндегі балалар үшін ең қызықты, ептілікті, мергендік пен батылдықты қажет ететін, логиканы дамытатын ойын түрі. Бұл ойын кімде-кім берілген тапсырманы дұрыс және тез орындаса, сол балалар сабақ соңында 5-6 минут осы ойынды ойнай алады (ер балалар оқитын топтарда). Ойын оқушының ынтасын арттырады, пәнге қызығушылығын қалыптастырады. Алғашқыда сабақ үстінде асық ойнауды ұйымдастыру ерсі көрінгенімен өзінің тиімділігі мен мазмұнын аша білді. Топта 14-15 оқушы оқыса, оның 5-6-уы асық ойнап жатса, қалғаны оны қызығушылықпен тамашалайды. Келесі жолы ойынға қатыспаған оқушылар да талпыныс білдіретінін дәлелдеді.

Негізінен асық ойындарының танымдық қасиетімен қатар сабақта бой жазуды ұйымдастыруға көмек береді.

Орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары топқа бөлініп оқытылады. Яғни, сабақты мазмұнды да тартымды етіп өткізуге барлық жағдай жасалған. Сондықтан әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өткізудің еш айыбы жоқ.

«Орамал тастамақ» ойыны – өткен тақырыптарды қайталауды дәстүрден тыс негізде өткізуге тиімді

әдіс. Сабақта «сен сөйле», «анау айтсын» дегеннен гөрі, ойын шарты бойынша «айыпты» оқушы өткен тақырыптар бойынша тапсырма орындайды. Бұл ойын түрі оқушының өзін-өзі басқаруға жетелейді, оқушылардың белсенділігін аттырады.

Әрбір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан салт-дәстүрлері бар. Олар жылдар өткен сайын өзгеріп, толықтырылып та отырады. Осы салт-дәстүрлері негізінде ұлттың тәрбиесі мен тәлімі байып жетіліп отырады. Қазақ халқының ең бір жақсы, ұлттың бауырмалдығы мен қайырымдылығын, мейірбандылығын көрсететін дәстүр – «Асар». Өз тәжірибемде осы дәстүрді ойын түрінде қолданамын. Әуелі осы салттың негізгі тәрбиелік мәнімен таныстырып өтемін. Оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрімен таныс бола отырып, осы бір тамаша қасиеттерді бойларына сіңіреді, оған құрметпен қарайды. Негізгі қаралатын элементтер топтық жұмыстар жүргізуде ыңғайлы. Бұл тәсіл де өзінің оңды нәтижесін бере білді. Яғни, сабақ барысында жақсы оқитын, алғыр оқушылардың көмегімен үлгерімі төмендеу оқушылар бірге топтық жұмыстар жасай отырып сұрақтарға жауап бере алады, мәтіндерді аударады, т.б. Тапсырмаларды топпен біріге орындау оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттырады. Ең тиімділігі – оқушылар арасында көшбасшы немесе жеңімпаз анықталмайды. Олар бір адамдай топтық жұмыс атқарады. Бұл әдіс оқушылар арасында өзара түсіністік пен татулыққа, сыйластыққа тәрбиелейді.

**Базаргүл КӨЛБАЕВА,  
Қарағанды облысының  
Теміртау қаласындағы  
№24 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.**

Ойында тәртіп пен шарттарды қатаң сақтау оқушыларды сабырлыққа, шыдамдылыққа шақырады, жинақылыққа тәрбиелейді. Тек ойын түрлерін түрлендіріп отыру міндетті. Себебі, бір текті ойындардан бала тез жалығып кетуі де мүмкін.

Жалпы сабақта қолданылатын техникалық құралдар, көрнекі құралдар, ойын түрлері – сабақ кілті деп танымын. Олар сабақтың қызықты және тартымды өтуіне көмек береді.

Техникалық құралдарды мазмұнға сай, дұрыс пайдалану қажет. Мәселен, қазақ халқының күйлерін тыңдау өзге ұлт өкілдерін былай қойғанда өзіміздің жас буын аз тыңдап, аса мән бере қоймайды. Өз тәжірибемде әр түрлі ойын түрлері немесе сабақ барысында ақырын ғана құлаққа жағымды күйлерді қойып қоюға тырысамын. Бұл әдістің сыры, бірінші рет тыңдалған күйге оқушылар аса мән бере қоймаса, екінші рет қайталанғанда ол күй құлаққа таныс үн болып естіледі, ал үшінші кезде оны тыңдау ауырға соқпайды. Бірте-бірте оны тыңдауға құштарлықтары да арта түседі.

Ойын ойнау барысында оқушылар әр қырынан көріне алады, ашылады. Ал, оқытушы оқушылармен өз қарым-қатынасын жеңілдетеді, оның жақын досы болып көрінуі де мүмкін.

Қорыта айтқанда, ұлттық ойындарды қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолдану қазақ халқының салт-дәстүрін терең үйретумен қатар тәрбиелік жағынан да, білім сапасын арттыруға да берері көп деп ойлаймын.

## **ТІЛІМІЗДІҢ ТАҒДЫРЫ – ЕЛІМІЗДІҢ ТАҒДЫРЫ**

Бүгінгі таңда тілді үйрену – ынта мен қабілетті, талап пен табандылықты өте қажет етеді. Қазақта тілі жоқ халықты – “тұл” деп атаған ғой. Сол себепті, әрбір адамзат баласы, өзінің туылған күнінен бастап, ана сүтімен бірге тілін де бойына сіңіре білуі тиіс. Қазақ тілі – «Мемлекеттік тіл» екендігі және оны Заң бойынша қабылданғанын да білеміз. Бірақ соны біле тұра, әлі де болса ақсап жатқан жерлері бар екенін айта кеткен жөн. Оған мысал келтірсек, көшедегі жазуларды көргенде немесе дүкендердің атауларын қарасак, міндетті түрде қателерін көруге болады. Сол кезде осыны қазақ тілінен іс-жүргізуші маманы, яғни, аудармашының жасағаны белгілі ғой деп ойлайсың. Сонда сол маманның немесе аудармашының қазақ тілінен шорқақ болғаны ма? Әлде қазақ тілінің грамматикасын білмей ме? Сонда біз басқаларды қазақ тіліне үйретеміз деп жүргенде,



өзіміздің қазақ тілін білгіштердің мына жақтағы былықтарын қалай түсінуге болады? Осындай жәйттерді көргенде жаның ауырады. Қазіргі уақытта жастардың бір қатары ана тілін толық және дұрыс біле бермейді, құрметтемейді. Ал кейбіреулерін алатын болсақ, бірінші орынға шет тілдерін қойып, қазақ тілі қазағымыздың байлығы екенін ұмытып кеткен. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» – деп Б.Момышұлы атамыз айтқандай, тек қана тілімізді ұмытпасақ болды.

Тіл – адамзаттың тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіліміз болмаса сөзіміз болмайды. Сөзіміз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны бәрімізге белгілі жәйт. Сондықтан адамзат өмірінде тілдің, сөздің орыны ерекше болып келеді. Осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз және міндет деп білемін. Барлық адамзаттың жаны – тілі деп айтуға болады. Өйткені тілі құрыса, адамзат та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдегені анық. Қазіргі уақытта қазақ қоғамындағы мәңгірттіктің басы да өз тілін білмеуден, қастерлемеуден, тәрк етуден туады. Тілі мен дінінен айырылған ондай адамдар рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, кім көрінгеннің қолжаулығына айналады десек те болады. XX ғасырдың ұлы жемісі – қазақ халқы үшін Егемендіктің көк туының желбіреуі.

Ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздік туына қол жеткіздік. Ана тіліміздің мәртебесі жыл өткен сайын өсіп, абыройы арта түсуде. Ендігі мақсатымыз тек қана – ұлттық рухты, түскен еңсені көтеру. Туған тіл – біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан «Ана тіліміз» дейміз. Қазақтар «Ананың тілі» деп ерекше құрметтеген. Басқа тілді білу – әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.

Сондықтан біз қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек, басқа ұлттарға үлгі-өнеге етіп көрсетуіміз керек. Ол – тілінді, әдебиетінді, мәдениетінді көркейтіп өсіру деген ұғым. Тілді үйрену – өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу ұлт ділін, қасиетін, мінезін, жан-дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармасақ болды. Тілді тек қана оқулықтан үйрену өте мардымсыз болатыны белгілі. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады. Олай болса, ана тілімізді алдымен өзіміз құрметтейік, ардақтайық! Сонда ғана туған тіліміздің туы биіктерден желбіреп тұратыны анық. Тілсіз білім жоқ, ал білім – өмірдің шырағы. Қазақта “Білім кілті – тіл” деген мақал бар ғой. Сондықтан білімге келетін болсақ, ол өзінің шынайы міндетіне жауап беруден қалғанына бүкіл әлемдегі педагогтар алаңдатушылық танытады. Өйткені қазіргі таңдағы ата-аналардың басты мақсаты – баланы тәрбиелеу

емес, керісінше, тек қана материалдық жағынан қамтамасыздандырсам болды деп ойлайды. «Неліктен?» деген сұрақ көбісіне келетіні мәлім. Ол адамның рухының жоқтығы деп білемін. Балаларды жас кезінен бастап саналы қасиеттерді бойларына сіңдіруге үйрету керек. Қазақ халқының мынадай фразеологиялық сөз тіркестерін алайық: рухани бай адам, адамның рухы, рухани байлық немесе рухы жоғары немесе рухы жоқ. Осындай көрсетілген сөз тіркестерін тереңірек ұғынатын болсақ – ол адам денесіндегі бір қуат екендігіне көз жеткізуге болады. Яғни, адам бойындағы кездесетін барлық жақсы қасиеттер және жасалатын игі істердің бәрі осының қайнар көзі деуге болады. Адамзаттың және жаратылыстың барлығы дерлік екі қарама-қарсы нәрседен тұратыны мәлім. Мысалға: ақ-қара, жақсы-жаман дегендей. Сол сияқты, адамдардың бойындағы барлық жақсы қасиеттер рухтан туындайтын болса, ал жаман қасиеттері нәпсінің көрінісі деуге болады. Адамзаттың денесі бір болғандықтан, оның ішінде билік үшін үнемі осы екі қуаттың бірдей күресіп жүретінін білеміз. Сондықтан не жақсыны, не жаманды таңдап жататынымыз да содан. Осы көрсетілген екі қуаттың қайсысы басым болса, сол ақыл соның талабын қанағаттандырады, соған қызмет жасайды. Адамзаттың да жақсы, я болмаса, жаман деп екіге жіктелуінің себебі осыдан. Қазіргі таңда адамзаттың барлығы да көздері ашық, ғылыми-техникалық дамудың шарықтап тұрған кезі. Компьютерленген дәуірде өмір сүріп жатқанымыз бәріне аян. Бірақ бір нәрсе жетіспейтіндей. Ол не?

Ол – рухтың қажеттілігі, рухани азық. Себебі – ата-аналардың жас ұрпаққа деген уақыттарының жетіспеуінен. Балаларының қалай өсіп, қандай білім алуда немесе олардың көзқарастары қандай екеніне толығымен дерлік көз жеткізбеуде. Олардың қазіргі өмірде қолдарына кітап ұстамай, оқымай, әдебиетіміз бен мәдениетімізді сақтамай, өткен тарихымызға үніліп қызықпайтындарында. Егер де ата-аналары балаларына аз да болса кітап оқып, салт-дәстүр туралы, тілін қадірлеуді немесе бүгінгі күннің өткені мен бүгінгісін әңгімелеп, айтып отырса, мынадай сорақылық жағдайға тап болмас еді деп ойлаймын. Жоғарыда айтылғандай, адамзаттың жан азығы ең әуелі анасының сүтімен, бесік жырымен келетіні анық. Содан кейін жас балдырған айтылған сөздерді ұғынып, жақсы мен жаманды айыра бастайды. Адамзаттың өміріндегі «алтын бесігі» – мектептің есігін ашқан балдырған жарығы мол жаңаша өмірде адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйреніп, өзінің ана тілін қадірлеуге үйренеді. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік құндылықтары қалыптасқан қазақ халқының, осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпаққа құя білетін, біріншіден, ата-анасы, одан кейін ұстазы деп білемін. Рухани-адамгершілік тағылымдарын өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алған жөн. Сонда ғана, өзінің тілін, ділін, салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін қастерлейтін саналы адам қалыптасатынына сенімдімін. Егер, бала жоғарыда айтылғандай, өзінің жүрегімен рухани байлыққа

ие болса, сонда ғана ол өмірде өз орынын табады. Осындай мақсатқа жеткізетін нағыз мұғалімдер, ата-аналары мен тәрбиешілер. Балаларды сүйетін және өзінің ісіне берілген мұғалім ғана мейірбан адам етіп тәрбиелеуіне баға жетпес көмек көрсетуге қабілетті. Осы айтылған жоғарыдағы жағдайларды өз еңбегімде аз да болса көрсете білдім деп ойлаймын. Өйткені, осыған мысал, биылғы 2013-2014 оқу жылында оқушыларымның жеткен нәтижелерінен көруге болады. Қалалық 8-11 сыныптар бойынша ХІІІ ғылыми-практикалық конференциядан оқушым Сәдуақасова Феруза «Қымыз – қазақ халқының ұлттық сусыны» тақырыбында жобасын қорғап, ІІІ орын иеленсе, «Жарқын болашақ» VІ республикалық «KATEV» қазақ тілі олимпиадасының қалалық кезеңінде «Жас ғалымдар» конкурсының ІІ дәрежелі жеңімпазы атанды және бастауыш сынып оқушыларының XVI слет – олимпиадасына қазақ тілі пәні бойынша 4-сынып оқушысы Шаймұхаметова Алина деген оқушы қатысып, І орынға ие болды. Осылай оқушыларға жөн көрсетіп, алдына бір мақсат қойсаң, оны сол оқушы әрі қарай алып кетеді деп ойлаймын. Оған тек қана дұрыс бағдар беріп және сонымен бірге ата-анасына да қызығатын ой тастаса болғаны, бала соны өз бетімен жетелеп алып кетеді деуге болады. Сол себептен, әріптестеріме айтарым, балалардың тілге деген қызығушылықтарын арттыруда оларға бағдар беріп, іске ынталандырып отыру қажет.

*В мире педагогики*

Асия АБЕНОВА,  
учитель казахского языка  
и литературы  
Иртышской СОШ№3.  
Павлодарская область.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОДУЛЯ КЕМБРИДЖСКОЙ ПРОГРАММЫ В ПЛАНИРОВАНИИ СЕРИИ ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНЫХ УРОКОВ «НОВЫЕ ПОДХОДЫ»

*Цель обучения ребёнка состоит в том, чтобы он мог обходиться без учителя.*

*Элберт Хаббард.*

Вся наша жизнь – это большая школа, в которой мы продолжаем учиться от рождения до смерти. Каждую ситуацию, каждого человека, с которым мы встречаемся в жизни по праву можно назвать нашим учителем, и от того, насколько хорошо мы выучим их уроки, зависит наше благополучие. Обучение представляет собой не обособленное явление или навык, а целостный комплекс педагогических ме-

ханизмов, повышающий способность обучающихся к обучению. Движущей силой «обучения обучению» является так называемое «метапознание». Иными словами, существует обучение. Но вместе с ним существует и обучение обучению. Люди способны мыслить, но также способны и думать о мышлении. Под «метапознанием» понимается способность отслеживать, оценивать, контролировать и изменять то, как индивид мыслит и учится. Обучение обучению можно охарактеризовать как процесс обдумывания самостоятельного обучения и сознательного применения результатов такого обдумывания в процессе последующего обучения. [Руководство, 138 стр.]

Темой моего исследования является: «Развитие метапознавательных способностей на уроках казахского языка». Все работы на уроках проходили в групповой форме. «Ученики не обучаются изолированно. Сегодня существует актуальное понятие «Учебное сообщество», при котором и ученики, и учителя позиционируют себя как обучающиеся. В подобной среде обучающихся поощряется работа сообща, взаимоподдержка и командный дух. Они работают в группах, в которых внимание уделяется жестикуляции, уважительному оппонированию, способности слушать. Это философия характеризуется взаимоуважением и развитием самоуправления, что необходимо для устойчивости в дальнейшем обучении; в итоге

формируется независимая и мыслящая личность, способная обучаться на протяжении всей жизни» [Руководство, стр. 142]. Как утверждает идея руководства, работа в группах помогает эффективной совместной деятельности, при которой совершаются различные действия: умение слушать друг друга, уважать друг друга и так далее.

В руководстве для учителя модуля «Обучение тому, как учиться» я определила основные идеи, изучение которых на своих уроках я считаю наиболее важным для достижения цели «формировать способы рассуждения по аналогии и анализа учебного материала», поставленной к теме моего исследования. Первая основная идея: «Метапознавательные способности дают обучающимся независимость в их обучении, и позволяют: различать понятия «запоминание» и «понимание» материала; анализировать материал и дифференцировать его по уровню сложности и степени концентрации внимания» [Руководство для учителя, стр. 143]. И на моих уроках к этой идее взаимосвязанно идет вторая - «Как в паре, так и самостоятельно, ученики имеют возможность оценивать свой уровень образования и понимать, как они его достигли? Они оценивают себя и друг друга, что способствует более глубокому пониманию. Ученики знают свой уровень успеваемости и идут к последующей цели» [Руководство для учителя, стр. 142]. Эти идеи доказывают, то, что мои учащиеся, работая

как в группах, так и в парах смогут развить метапознавательные способности. Далее в серии последовательных уроках, можно проследить доказательства эффективности использования идей Программы.

На моем уроке №1 по теме «Мое любимое время года» была отражена такая ключевая идея: «на уроках ученикам предстоит активно участвовать во всех аспектах учебного процесса: они будут формулировать свои собственные гипотезы и вопросы», [Руководство, стр. 139]. Данная идея была включена в такой вид деятельности, как стратегия предсказания, то есть ученики должны выйти на тему сами с помощью установленных мной подмонок. Такая стратегия нужна была для того, чтобы учащиеся учились выдвигать гипотезы, задавать вопросы, т.к. тема моего исследования - «развитие метапознавательных способностей на уроках казахского языка», то считаю, что ученики должны развивать эти способности, а именно формулировать гипотезы и вопросы, отслеживать, оценивать, контролировать, что неправильно изменять, т.е. корректировать. Поэтому именно стратегия предсказания является начальным этапом на пути к развитию метапознавательных способностей. Этот прием также является саморегулируемым обучением. Игра на сплоченность класса «Строй», где дети легко и быстро строятся по росту, потом по цвету волос: от самого светлого, до самого темного.

А теперь в алфавитном порядке по первой букве своего имени, но сделать это надо молча. Данная игра создает коллаборативную среду, создает дружескую атмосферу, сближает друг друга. В ходе этой игры был выявлен лидер. Ученики строились соблюдая правила, т.е. с помощью жестов.

Стратегия «Ромашка» считаю эффективным доказательством моей исследуемой темы. Каждая группа вытягивает лепесток ромашки, где написано время года, описывают на казахском языке время года. Остальные группы отгадывают, какое время года. Учащиеся старались высказывать словосочетания, предложения. Это дало умение размышлять, анализировать.

На уроке №2 по теме «Моя любимая профессия» была отражена такая ключевая идея: «прочное усвоение материала достигается посредством учебного процесса, в центре которого находится ученик», [Руководство для учителя, стр141]; «ученики не обучаются изолированно. В подобной среде поощряется работа сообща, взаимоподдержка и командный дух» [Руководство для учителя, стр142], «соответственно, на уроках ученикам предстоит активно участвовать во всех аспектах учебного процесса: они будут формулировать свои собственные гипотезы и вопросы, консультировать друг друга, ставить цели для себя, отслеживать полученные результаты, экспериментировать с идеями, рисковать, понимая, что ошибки - неотъемлемая часть будущего»

[Руководство для учителя, стр.139,140]. Данные идеи попытались найти свое отражение через стратегию «Предсказание», где ученики сами должны были выйти на тему и цели урока, учитель только направлял. Я считаю, что ученики неплохо справились с этим заданием, так как смогли сразу определить тему и цели урока, единственным барьером при рассуждении остается языковой барьер. В основном ученики говорили на русском языке. Также эффективным способом развить метопознавательную способность является, на мой взгляд, беседа «Учитель-ученик», т.е. вид коммулятивной беседы. На данном этапе учащиеся размышляли, анализировали, делали выводы. На уроке №3 по теме «Мой любимый праздник» была отражена такая ключевая идея: «проверить и протестировать самих себя, определяя степень усвоения материала» [Руководство для учителя, стр. 143] , данная идея отображена в таком виде деятельности, как стратегия «собери букет»: учащиеся сами перевели слова, отработали произношение, после этого каждой группе нужно собрать свой букет из определенных для каждой группы растений. Данная стратегия направлена на то, чтобы развить у учащихся навыки самостоятельной работы, а также тренировать память. Так как это задание было на время, от учеников требовалось работать быстрее, а значит слаженно, дружно - здесь тренируется самодисциплина и дети учатся соблюдать правила группы. Игра на сплочение «Выброс

пальцев», когда ученики по команде показывали, то или иное количество пальцев и говорили друг другу пожелание. Данная игра благоприятно действовала на детей. Ребята искренне желали друг другу приятные вещи: к примеру ученик с низкой мотивацией по имени Магамед, который никогда не проявлял интереса к окружающим, во время игры почти каждому желал здоровье, счастье. При этом снимался барьер замкнутости, страха. Пронаблюдая в ходе, за ребятами я заметила, что Карина и Нина, которые считались замкнутыми, свободно говорили свое пожелание. Их пожелания были положительно восприняты. Здесь также для себя я сделала открытие того что ученики 6 класса очень доброжелательные, искренние.

Игра «Собери свой букет» каждая группа учащихся получает индивидуальный конверт, в котором лежит разрезанная открытка. На каждом кусочке написано его название, в котором пропущено несколько букв. Учащиеся должны восстановить названия праздников, находящихся в конверте.

На уроке №4 по теме «Мои любимые вещи» были отражены такие ключевые идеи: «когда обучающиеся получают такие знания и способности, и это становится для них привычной философией, тогда их успеваемость повышается» [Руководство для учителя, стр. 142], «метопознавательные способности позволяют анализировать материал и дифференцировать его по уровню сложности и

степени концентрации внимания. [Руководство для учителя, стр. 143]. Эти идеи воплощаются и внедряются через приемы, и игры, такие «Я думаю, что нас объединяет».

Наблюдалось анализирование, размышление, понимание. Беседа «Учитель-ученик», «Ученик-ученик». Вид беседы – исследовательский. Учащиеся в свободной беседе уверенно вступали в диалог друг с другом при разборе выбранного задания и способах его решения, что способствовало развитию понимания и воспроизведение связной речи учащихся, обогащению лексического запаса, культуры речи и культуры общения. Такой вид деятельности ученикам очень понравился, они научились самостоятельно говорить, обсуждать, аргументировать. Данная стратегия создает необходимые условия для выработки у учащегося умения самостоятельно мыслить, ясно выражать свою точку зрения, отстаивать свою позицию. При этом ученики учились размышлять на казахском языке. Развивали речь пусть не значительную, но были заметны улучшения.

Также на уроках проводила различные методы оценивания. В данной стратегии часто встречались барьеры, которые в дальнейшем я взяла на заметку с целью совершенствования данной стратегии.

Исходя из вышесказанного, считаю, что моя исследовательская тема «Развитие метапознавательных способностей на уроках

казахского языка» на уроках была реализована. В дальнейшем, продолжу работу над развитием метапознавательных способностей, путем внедрения различных приемов критического мышления. Так как развитие именно, критического мышления, способствует умению анализировать.

#### **Использованная литература:**

1. Руководство для учителя III АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012.
2. Rjan, R.M. & Deci, E.L. Продвижение самоопределяющейся школьной вовлеченности: мотивация обучения и благосостояния.
3. In K.R. Wentzel & A. Wigfield . New York: Routledge 2009, pp. 171- 196.
4. Alexander, R.J Toward Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk [На пути к диалоговому обучению: новый подход к обсуждению в классе]. 2008.
5. Merser, N The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners [Получение знаний под руководством: беседы между учителями и учениками] 1995.
6. Barnes, D Язык и обучение в классе. Journal of Curriculum Studies , 3(1), 1971, 27-38.

Бақыт ӨТЕТІЛЕУОВА,  
Қарағанды облысының  
Сәтбаев қаласындағы  
Сәкен Сейфуллин атындағы  
гимназияның қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## МҰҚАҒАЛИ МУЗАСЫНДА

*(II-сынып)*

**Мақсаты:** оқушыларды қазақ халқының біртуар ақыны Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақын өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы, мазмұны туралы түсінік беру. Мәнерлеп оқу дағдыларын, оқушылардың тілін дамыту, сөз байлықтарын толықтыру. Ақынға, тілге деген құрмет, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті және поэзияны, сөз құдіретін қастерлеуге, бағалауға тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білімді меңгеру. **Әдіс-тәсілдері:** мәнерлеп оқу, талдау, баяндау, сыни тұрғыдан оқу және жазу технологиясы, жобалау технологиясы. **Көрнекілігі, құрал-жабдықтар:** ақынның портреті, сабақтың эпиграфы, «Даналық ойдан дән ізде...» айдарымен Мұқағали туралы айтылған пікірлер, слайдтар, «Білемін. Білгім келеді. Білдім» стратегиясын орындау үшін тақта, Мұқағалидың шығармалары, «Аңыз адам» журналы, интерактивті тақта. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, тарих, орыс әдебиеті.

### Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

### III. Сабақты меңгерту.

Сабақтың жоспары:

**I. Кіріспе.** Оқушылар Мұқағалидың «Пай, пай, өмір!» өлеңін тыңдайды.

*(Ақынның өз дауысы және слайдтар көрсетіледі).*

Мұғалімнің кіріспе сөзі: -Құрметті оқушылар және қонақтар! Бүгінгі «Мұқағали әлемі» атты сабағымызды ақын өзі бастап берді. Мұқағали Мақатаев бір күндік сәуледей ағып өткен ғұмырында ұлан-ғайыр мұра қалдырып кетті. «Өшеді өлең немесе көшеді өлең» дегендей, ақынның туындылары бүгінгі егемен еліміздің аспанында, асқар тауларында қырандай самғап, керуеніміздің көшбасында келеді.

### **Сабақтың эпиграфы:**

*Ақ қырау тұрған ақпанда,  
Ағаштар сырға таққанда,  
Бозарып тұрып ақ таңда,  
Есіңе мені алғайсың,  
Есіңе мені алғайсың!*

### **Стратегия «Білемін. Білгім келеді. Білдім».**

Мұқағали Мақатаев туралы не білетіндеріңді және не білгілерің келетінін алдарыңдағы қағазға жазып, оқып беріңдер.

*(Оқушылардың жауаптары тақтаға ілінеді).*

**Мұғалімнің сөзі:** - Өмірін өлеңге, өлеңін мәңгілік өмірге айналдырған Хан Тәңірінің мұзбалағы, дара талант Мұқағали Мақатаевқа арналған сабаққа ақынның өздеріңе ұнаған өлеңін жаттап келу



тапсырылған. Сендерге бір ғана шарт қойылды: жаттаған өлеңнің аудармасын (жол бойынша аударма немесе кәсіби аударма) білу. Сабақ барысында айтылып жатқан тақырыпқа байланысты өздерің кірісіп, өлеңдеріңді оқысындар.

## **II. Жаңа сабақ.**

1. «Өмірім, сірә да, әріден басталған,

Әріден басталып, мәңгіге тасталған...» \_

*(Ақынның өмірбаяны туралы слайдтар).*

**Бірінші оқушы:** - Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Азан шақырып қойылған аты - Мұхаметқали. Ата-анасы оны кішкентай күнінен «Мұқағали» деп еркелете атап кеткен. Үйдің тұңғышы болғандықтан, Мұқағали Тиын әжесінің тәрбиесінде болған.

*... Әже, сен бірге жүрсің меніменен,*

*Өліге мен өзіңді телімегем.*

*Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,*

*Ақ кимешек жоғалса... нені көрем?*- деп Мұқағали ер мінезді, айбынды әжесін ерекше құрметтеген. Әжесін білетін қарттар Мұқағалиды «Тиын әжесіне тартқан» дейді екен.

**Екінші оқушы:** - Ол он жасқа келгенде әкесі Сүлеймен соғысқа аттанып, Калининград майданында болған сұрапыл шайқаста 29 жасында ерлікпен қаза табады. Анасы Нағиман балаларын өзі асырап бағады, тоқсан бес жасқа келіп қайтыс болды. Балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келген Мұқағали он-он бір жасынан өлең жаза бастайды.

Ал он төрт-он бес жасында қазақ әдебиетінен бастап орыс әдебиетін, оның ішінде Пушкин, Есенин, Блок поэзиясын сүйсіне оқиды. Шетел әдебиетінен Гейне, Гете, Дюма, Гюго, Байрон, Драйзер, Лондон, Шекспир шығармаларын жоғары бағалайды.

**Бірінші оқушы:** - 1948 жылы ауыл орта мектебін үздік бітіріп, Алматыға жоғары оқу орынына аттанып, зеректігінің арқасында, еш қиындықсыз Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі. Үй ішінің ауыр тұрмысы оқуын әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік бермей, бір жылдан соң оқуын тастап, жұмыс істейді.

Мұқағали үзіліп қалған оқуын жалғастыруды армандайды.

1950 жылы шет елдер институтының неміс тілі факультетіне, одан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, оларды да тұрмыс жағдайына байланысты орта жолдан тастауға мәжбүр болады.

1973 жылы Қазақстан Жазушылар одағының жолдамасымен Мәскеудегі М.Горький атындағы халықаралық әдебиет институтына оқуға барады.

**Екінші оқушы:** - Ақын ауыл кеңесінің хатшысы, әдебиет пәнінің мұғалімі, республикалық газеттің тілшісі, қазақ радиосының дикторы, «Жұлдыз» журналының әдеби қызметкері, Жазушылар одағының поэзия бөлімінің жастар жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарады.

**Бірінші оқушы:** - Мұқағалидың Жұлдыз, Айбар есімді екі ұлы және Алмагүл, Шолпан атты қыздары, немерелері бар.

**Екінші оқушы:** - Өмірінің соңғы кезінде денсаулығы нашарлап, ауруханаға жиі түсіп жүріп, 1976 жылы 27 наурызда қайтыс болады.

Бейіті Алматы іргесіндегі Кеңсай зиратында.

*(Оқушылар «Менің анкетам», «Арыз жазып кетейін», «Ей, өмір» шығармаларын жатқа айтады).*

**Үшінші оқушы:** - *(Мұқағалидың шығармаларына шолу жасайды. Слайд.)*

**Мұқағалидың жарық көрген шығармалар жинақтары:** «Ильич» (1964), «Армысындар, достар» (1966), «Қарлығашым, келдің бе?» (1968), «Мавр» (1970), «Дариға жүрек» (1972), «Аққулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975), «Өмірдастан» (1976), «Шолпан» (1984), «Жырлайды жүрек» (1989), «Жылап қайттым өмірдің базарынан» (1994), «Аманат» (2002), «Өмір-өзен» (2005), «Мен, сірә, өлмейтін шығармын» (2010).

**Мұқағали поэмалары:** «Мавр», «Ильич», «Ару-ана», «Большевиктер», «Чили – шуағым менің», «Райымбек, Райымбек!», «Алтай-Атырау», «Бала шақтан – болашаққа», «Аққулар ұйықтағанда», «Жан азасы» (реквием).

Мұқағали поэзия жанрына ғана емес, проза, драма, сын саласына да қалам тартып, «Кұлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже» әңгімелері мен «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» повестерін, «Қош, махаббат» пьесасын жазды.

Аудармашылық – М.Мақатаевтың ақындық өнерінің бір қыры. Орыс тілінен қазақшаға көптеген шығармалар аударған. Жыр аудармасы саласында

Шекспирдің сонеттерін, Дантенің «Құдіретті комедиясын», Н.Тихонов, Р.Бернс, Ф.Ансари, А.Акопян, А.Исаакян, Е.Евтушенко, Ф.Моргуннің бірнеше өлеңдерін аударды.

Ал Мұқағали шығармалары орыс, өзбек, қырғыз, қытай, т.б. тілдерге аударылған.

**2. «Ақын болу - Не қылған қиын едің!»** *(Мұқағали шығармалары).*

**Мұғалімнің сөзі:** - Мұқағали өз естелігінде (14 ақпан 1976 жыл):

*«...Менің қымбатты достарым! Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, творчествомды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем».*

М.Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыптарды қамтиды. Оның туған жер, адамдар тағдыры, өмір мен өлім, ана мен бала, ақын мен ақындық, соғыс тауқыметі, т.б. тақырыптағы лирикасы қайталанбас ұлттық сипатта, ұлттық зермен кестеленген.

Ақын қай тақырыпты жазса да жалған сезім, жылтырақ сөзге әуес болмады, ол туралы өзі: «... мен жырламаймын, сырласамын. Сыры бір замандаспен мұңдасамын» деген. Ақын шығармаларының тақырыптарын бір сабақта қамту мүмкін емес, сондықтан бірнешеуіне ғана тоқталамыз.

«Қайран Қарасазым-ай, үйрек ұшып, қаз қонған...» деген өлең жолдарымен ақынның туған жер, Отан туралы шығармаларына кезек береміз.

(Оқушылар «Үш бақытым», «Отан, Отан», «Қазақ жері» шығармаларын жатқа оқиды).

«Барлығы да, Поэзия, сен үшін!...»

**Мұғалімнің сөзі:** - М.Мақатаевтың ақын ретіндегі басты тақырыбы – өлең өнері.

(«Сен үшін» өлеңін жатқа оқиды).

(Оқушылар «Поэзия, менімен егіз бе едің?», «Қара өлең» шығармаларын жатқа оқиды).

«Ғашықпын, шын ғашықпын сол адамға ...», «Махаббат диалогі».

(Оқушылар ұнтаспадан «Махаббат диалогін» тыңдайды, экраннан осы шығарманың орыс тіліндегі аудармасы көрсетіледі).

Диалог любви:

- Если вдруг я птицей кану в неизвестность?

- В поисках тебя я обойду всю вечность.

- Если вдруг сгорю в огне в объятьях страха?

- Станем мы вдвоём тогда единым прахом.

- Если миражом я появлюсь небесным?

- Ветром я тебя достигну наконец-то.

- Если принесу тебе одни лишь беды?

- Хватит, светик мой, я вынесу и это.

(Оқушы «Ғашықпын, шын ғашықпын сол адамға» шығармасын жатқа айтады).

**3. «АМАНАТ бір өзіңе жсырым-сырым...»**

**Мұғалімнің сөзі:** - Ақын мұрасы, маржан поэзиясы – мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы.

Кім білсін қаншама әлі шырқарымды,

Кім білсін қай күн сенің қырқарыңды,

Мұқағали жоғалса, қайтер дейсін,

Жоғалтпаса болғаны ұрпағымды.

**Төртінші оқушы (Слайдтар):**

Барлығы да сендердікі, барлығы –

Табыстаймыз жансыз бенен жандыны.

Армысыңдар, Ата ұрпақтың тағдыры!

Армысыңдар, жаңа атқан таң нұры!

- Туған жері Қарасазда мұражайы, Алматыда өз атында көше бар.
- Алматыда және көптеген елді мекендерде Мұқағали атымен мектеп, гимназиялар аталады.
- Жазушылар одағының үздік шыққан жас ақындарға берілетін сыйлығы Мұқағали атында.
- Ғасырлар тоғысында Мұқағали “Ғасыр ақыны” болып танылды.
- Қазіргі кезде “Мұқағали” атты журнал шығады.
- “Мақатаев оқулары” Республикалық деңгейде өткізіліп тұрады.

Бүгінде М.Мақатаевтың өлеңдері көпшіліктің іздеп жүріп оқитын жырына айналды.

Біздің гимназияда Мақатаевтың туған күніне арналып қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқу жарыстары, сынып сағаттары, әдеби кештері өткізілді.

Ал жыл сайын тоғызыншы ақпанда біздің қалада және гимназияда іс-шаралар өткізіледі. Сіздерге биылғы қалалық «Мұқағали оқуларының» жүлдегері ... сынып оқушысы ... сұхбатты ұсынамын. (Оқушымен сұхбат көрсетіледі)

**Мұғалімнің сөзі:** - Мұқағалидың туған күніне

арнап біздің мектептің оқушысы Чупрасова Маргарита «Өмір сүрейік алмасып» өлеңін орыс тіліне аударды. Назарларыңа ұсынамыз. *(Қазақ және орыс тілдерінде Мұқағалидың «Өмір сүрейік алмасып» өлеңі оқылады).*

### Мұқағали әндері.

#### Бесінші оқушы. (Слайдтар).

Мұқағали Мақатаевтың көптеген шығармаларына белгілі композиторлар ән жазған. Бір ғана мысал келтірейін. Композитор Нұрғиса Тілендиев:

«... Мұқағали екеуіміз тура отыз күн бірге біздің үйде жұмыс істедік. Мен отыздан аса ән шығардым. Ал ол сол өлеңдердің бәріне мөлдіретіп тұрып өлең жазып шықты. Көптеген әндер сол отыз күн ішінде әрі жедел, әрі сәтті туған дүниелер еді. Ол аса еңбекқор әрі ерекше талантты ақын еді», - деп еске алады.

Осы сабаққа дайындық барысында мен Мұқағалидың әндерін іздедім. Маған сыныптастарым, достарым көмектесті. Өзім де ғаламтордан Мұқағалидың көптеген әндерін жазып алдым.

Қазір «Жігіттер» тобының орындауында «Күрең күз» әнін тыңдаңыздар *(Әнді тыңдайды)*

Мен сіздерге «Есіңе мені алғайсың» әнін орындап беремін.

### V. Қорытынды.

#### Кері байланыс.

#### Стратегия «Білемін. Білгім келеді. Білдім».

Оқушылар «Бүгін сабақта не білдім?» сұрағына жауап жазады. *(Тақтаға ілінеді).*

**VI. Үйге тапсырма.** «Даналық ойдан дән ізде...» айдары бойынша берілген материалдармен танысу.

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Гүлназ ШҮЙІНШИНА,

«Комсомол» орта мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,

Әйтеке би ауданы,

Комсомол ауылы.

## СЫН ЕСІМДЕР СЫРЫ – ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІНДЕ

<b>Мақсаты:</b>		Сын есім туралы түсініктерін қалыптастыру.		
<b>Оқыту нәтижесі:</b>		Сөйлем ішінен сын есімдерді табу, олардың қай сөзбен байланысын анықтау.		
<b>Түйінді идеялар:</b>		Оқушылардың ой қабілеттерін дамыту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.		
Уақыты.	Стратегия, идеялар.	Ресурсы.	Сабақтың мазмұны	
			Мұғалімнің іс-әрекеті.	Оқушының іс-әрекеті.
2 мин.	Қызығушылығын ояту. Психологиялық дайындық.	Power Point бағдарламасы.	Сынып оқушыларымен амандасамын. Кемеңгер, ғұлама ақындардың тіл туралы өлеңдерін оқудан бастаймын.	Сабаққа ынта қойып, оқуға қажетті құралдарын алып, жұмыс жүргізуге дайындалу.
7 мин.	Джексо	Тірек жазба.	Өткен материалдарды еске түсіру. Қазақ тілі патшалығын еркін аралап, сөз әлемінің түрлі сырларын ашу.	Өз ойларын ортаға салды, сұраққа жауап берді.

10 мин.	II. Мағынаны тану.		Сын есім дегеніміз не? Постерге маркермен өз ойларын сызба түрінде түсіру.	Өз пікірлерін айтып, қорғайды.
15 мин.	Ассоциация стратегиясы.		Сызбамен жұмыс жүргізу, суреттерді қолдану арқылы толықтыру	Пікірлерін жазу.
5 мин.	III. Ой-толғаныс кезеңі. Топтық жұмыс.	Поэзия минуты.	А.Құнанбайұлының «Қыс» өлеңін талдау. Сын есімнің ережесін қорытып шығару.	Сын есімдерін табу.
5 мин.		Видео ролик.	Жыл мезгілдері туралы толық ақпарат беру.	Өз ойларын қорғайды, сөйлем құрастырады.
1 мин. 3 мин.	Сергіту сәті. Ой толғанымы.	Сем. карта.	Ноутбук арқылы оқушыларға семантикалық карта көрсетіледі.	Сөз таптарын сәйкестендіріп толтырады.
3 мин. 2 мин.		Тест. Стикер.	Тест таратылады. Стикерлер таратылады. Сабак соңында оқушылар сабақ туралы өз ойларын жазып береді.	Оқушылар қорытындылайды. Тестке жауап береді.
1 мин. 1 мин.	Бағалау. Үй тапсырмасы.		Үйге тапсырма беру. Бағалау парағын талдау.	Бағалау парағы бойынша өз білімдерін бағалайды.

Сабақты талдау.	Не сәтті өтті?	Жаңа технологияны тиімді пайдалана отырып, оқулық материалын толық меңгертіп, оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге ықпал жасап, сабақта өз мақсатыма жеттім.
	Не сәтсіз өтті?	Шығармашылықпен оқушылылар көбірек айналысуы керек.
	Болашақта нені өзгертер едің?	Оқушылармен сабақты тереңдетіп, қосымшалар арқылы өткізуді.



**Назым ИМАНҚҰЛОВА,**  
Алматы қаласындағы  
№22 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәні мұғалімі.

## ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІ ТІЛ ДАМЫТАР

(7-сынып)

<b>Түрі:</b> жаңа білім қалыптастыру. <b>Әдіс-тәсілі:</b> сыни тұрғыдан ойлау, диалог. <b>Пәнаралық байланыс:</b> орыс тілі, қазақ әдебиеті.			
<b>Негізгі түсініктер:</b> қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, ертегі мазмұнын ашу.	<b>Өткен сабақпен байланысы:</b> қазақ тілі мәселелері, тіл мәдениетімен байланыстыру.	<b>Бағалау:</b> Бақылау. Жұмысты бағалау (формативті бағалау). Сапалы білімді бағалау.	<b>Көрнекіліктер:</b> фишка, смайлик, интерактивті тактадағы суреттер, үлестірмелі көртішкелер.

<p><b>Мақсаты:</b> ертегі туралы танымын кеңейту. <b>Міндеттері:</b> <b>білімділік</b> – ертегінің мазмұнын оқушылардың өздері ашуы, іздену, зерттеу қабілеттерінің дамуы; <b>дамытушылық</b> – оқушылардың бойында шығармашылық ізденіс қалыптасуы, көркемдік талғамы, шығармашылық қиялы, ойлау кеңістігінің дамуы; <b>тәрбиелік</b> – оқушыларды өзін-өзі реттеуге, топта жұмыс істеуге, бір-бірін сыйлауға, құрметтеуге, бағалауға, тыңдауға үйренуі. Ертегілердің негізгі идеясы мен тәрбиелік мәніне арқау болған ұлттымыздың асыл қасиеттерін бойларына сіңдіру.</p>			
<p><b>Формативті бағалау нормасы:</b>          Δ - тапсырманы орташа орындаса (қанағаттанарлық, 3 ұпай);          □ - тапсырманы жақсы орындаса (жақсы, 4 ұпай)          ○ - тапсырманы толық, нақты орындаса (өте жақсы, 5 ұпай).</p>			
<p><b>Көрнекіліктер:</b> суреттер, менталды карта, фишка, смайлик.</p>			
Уақыты:	Жұмыстың түрі:	Мұғалімнің рөлі:	Оқушының рөлі:
Басталуы (5 мин)	Сынып оқушыларымен амандасу. Оқушыларды түгелдеу. Ынтымақтас-тық атмосфе-расын құру. <i>Айналага алақанмен, Жылулықты шашайық. Сәттілік тілеп күлімсіреп, Біз сабақты бастайық. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне мақтау, мадақтау сөздер айту. «А» әріпі белгісі бар асықты алған оқушы «Ақылдылар» тобына,</i>	Мұғалім сабақты жалғастырады: фишка арқылы бағалауды түсіндіру, оқушыларды топтарға бөліп, топтар арасында сұрақ-жауап жүргізеді.	Оқушылар тыңдайды.

	«Б» әріпі бар асықты алған оқушы «Білімділер» тобына, «Т» әріпі белгісі бар асықты алған оқушылар «Талап-тылар» тобына, «Д» әріпі бар асықты алған оқушылар «Дарындылар» тобына біріктіріледі.	Сабақтың ережесімен таныстыру. 1-ереже: Сабақта бір-бірімізді тыңдаймыз! 2-ереже: Біреудің айтқанын қайталамаймыз! 3-ереже: Уақытты үнемдейміз, босқа өткізбейміз! 4-ереже: Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!	Баға-лаудың ереже-лерін тақтаға іледі.
Үй тапсыр-масы. (5 мин)	Бүкіл сыныптың жұмысы: Топтарға бөлінген оқушылармен сұрақ-жауап жүргізу (сұраққа жауап берген оқушылар фишка алады). Өз аттарының басқы әріптеріне сөз ойлап табу. Бір сөйлем құрау.	Мұғалім сабақты жалғастырады. Фишка арқылы бағалап отырады.	Оқушы-лар өз білім-дерін ортаға салады, әділ бағалар алады.
Білім. (5 мин)	Тапсырмаларды орындау: 1. Жұмбақты шешу. 2. Қандай әріп? 3. Кім көп мақал айтады?	Мұғалім түсіндіріп болған соң, оқушылардың жауаптарын талдап, фишкамен бағалайды.  Осы тапсырмалар нәтижесінде көшбасшы анықталады.	Тапсыр-маларын орындап болған оқушы-лар мұға-лімнің сұ-рақтарына жауап бе-реді. Оқу-шылар топтық жұмыста өз білімдерін ортаға салады.

	<p>Фонетикалық екі ұғым Бірі мен бірі сыбайлас. Бірі – айтылады да естіледі, Екіншісі – жазылады да көрінеді. (Дыбыс, әріп).</p> <p>Бөлінеді қатанға, ұяңменен үндіге, Оларсыз алфавитте жоқ қой сәнде, Келтірер сөзге мән де және ән де. (Дауысты, дауыссыз дыбыстар).</p> <p>Бір ағашта қырық екі алма, Оны алып жемек болсаң, Он шақтысы тамағыңнан еркін өтіп кетеді. Қалғандары қактығып барып өтеді (Дауыссыз дыбыстар).</p> <p>Әліппемде әдемі Әріптерім бар еді. Қырық екі дос-жаран Бірін-бірі қоршаған (Алфавит)</p>	<p>Жаңада жоқ, Ескіде бар. Танада жоқ, Ешкіде бар. (к – дауыс-з, қатаң)</p> <p>Таракта бар, Шашта жоқ. Тамақта бар, Аста жоқ. (к – дауыс-з, қатаң)</p> <p>Ләзатта бар, Жанатта жоқ. Азатта бар, Қанатта жоқ. (з – дауыс-з, ұяң)</p> <p>Нанда бар, Етте жоқ. Айранда бар, Сүтте жоқ. (н – дауыс-з, үнді, мұрын жолды)</p>	<p>«Ақылдылар» тобы «А»-дан басталатын мақал айту керек.</p> <p>«Білімділер» тобы «Б»-дан басталатын мақал айту керек.</p> <p>«Талаптылар» тобы «Г»-дан басталатын мақал айту керек.</p> <p>«Дарындылар» тобы «Д»-дан басталатын мақал айту керек.</p>
Тақырыпты ашу. (1 мин).	<b>Мұғалім сөзі:</b> - Ал, балалар, біз не үшін әріптермен сөз құрап, мақал айтып жатырмыз? Әйкені бүгінгі өтетін сабағымыз әріптер жайында болмақ. Тақырыбымыз: «Ертегілер әлемінде»	Ә.Қалаубаеваның орындауындағы «Ертегілер» әнін тыңдау.	Әнді тыңдай отырып, сабаққа деген ынтасы артады.
	1. Мәтіннің жаңа сөздерін полиглот ойыны арқылы түсіндіру: шашыраңқы- рассыпчато - spilling, сыйлау - уважать - respect, таласу - спорить - argue, төбелес - драка - fight, әлсіз - слабый - weak, тыну - успокоиться - to calm down,		

Түсіну. Жаңа сөздер. (10 мин)	ақырында - наконец - at last, finally, жеделхат - телеграмма - telegram.	Жаңа сөздермен таныстыру.																								
	2. Шашыраңқы, жеделхат сөздерімен сөз тіркесі, сөйлем құрастыру.																									
	3. Енді мына сөздерді 3 тілде аударып көріңдер:	Мәтінге қатысты сөздерді тақтада көрсетеді.	3 тілде оқушылар сөздердің аудармасын көрсетеді.																							
	<table border="1"> <tr> <td>«А» әріп</td> <td>«Б» қиын</td> <td>«Д» соңы</td> <td>«Т» үн</td> </tr> <tr> <td>ой</td> <td>Тіл</td> <td>кала</td> <td>іс-әрекет</td> </tr> <tr> <td>әліппе</td> <td>өмір</td> <td>береке</td> <td>шаршау</td> </tr> <tr> <td>ертегі</td> <td>дыбыс</td> <td>күшті</td> <td>терең</td> </tr> <tr> <td>тәртіп</td> <td>білмеу</td> <td>әлсіз</td> <td>ертеде</td> </tr> <tr> <td>бірін-бірі</td> <td>тыну</td> <td>әр түрлі</td> <td>жатақхана</td> </tr> </table>			«А» әріп	«Б» қиын	«Д» соңы	«Т» үн	ой	Тіл	кала	іс-әрекет	әліппе	өмір	береке	шаршау	ертегі	дыбыс	күшті	терең	тәртіп	білмеу	әлсіз	ертеде	бірін-бірі	тыну	әр түрлі
«А» әріп	«Б» қиын	«Д» соңы	«Т» үн																							
ой	Тіл	кала	іс-әрекет																							
әліппе	өмір	береке	шаршау																							
ертегі	дыбыс	күшті	терең																							
тәртіп	білмеу	әлсіз	ертеде																							
бірін-бірі	тыну	әр түрлі	жатақхана																							
	4. Әр сөзбен сөйлем құрастыру.																									
Қолдану. Мәтінмен жұмыс.	1. Мәнерлеп оқу.	Мұғалім өзі оқиды.	Оқушылар алдындағы кітаптан мәтінді оқиды.																							
	2. Мұғалім: - Балалар, Әліппенің жағдайы қиын. Ол тілге жеделхат салды. Сендер қандай жеделхат жолдар едіңдер? Соны жазып, өз ойларыңды білдіріңдер.		«Тілге» жеделхат жазады. Оқушылардың міндеті – мәтінді қолдана отырып, өз бетінше																							

			тақырыпты іздене зерттеу.
Сараптама (10 мин). Ақпаратты құрамына қарай жіктеу.	<p><b>«Зерттеу жұмысы».</b> Сонымен алдарыңыздағы мәтінді қолдана отырып «Әріптер әлемі» тақырыбын ашу үшін тапсырмалар орындаймыз. (Әр топқа флипчарт және түрлі-түсті маркер, желім беріледі).</p> <p>«А» тобы әріптердің арасында болып жатқан суретін салып, өз сөздерімен суретті түсіндіріп береді.</p> <p>«Б» тобы әріптер мен әліппе арасындағы сөйлемдер құрады.</p> <p>«Д» тобы әріптер өзара қандай болуы керек? деген сұраққа жауап береді.</p> <p>«Т» тобы Қазақ алфавитіне жарнама жасайды.</p>		
Синтез.	Сиқырлы әріптер. Қазақ тіліне тән дыбыстарының артына жасырылған сұрақтарға жауап.	Интерактивті тактадан сұрақтарды көрсетеді.	Әріптер артына жасырылған сұрақтарға жауап береді.
Талдау (2 мин).	Бағалау парақтарына жинаған фишкалары бойынша өздері есептеп қорытынды		Орында-рында отырып өздеріне

	бағасын қояды.	Мұғалім тыңдайды.	баға береді.																																										
Бағалау (2 мин).	<p>Өздерін фишкалар арқылы бағалайды. Бағалау парағы:</p> <p>Δ - тапсырманы орташа орындаса (қанағаттанарлық, 3 ұпай)</p> <p>□ - тапсырманы жақсы орындаса (жақсы, 4 ұпай)</p> <p>○ - тапсырманы толық, нақты орындаса (өте жақсы, 5 ұпай)</p>																																												
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>Оқушының ұпай саны</th> <th>Топ көшбасшысының ұпайы</th> <th>Жалпы ұпай саны</th> <th>Жалпы топтың жинаған ұпай саны</th> <th>Баға</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td>1.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>2.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>3.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>4.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>5.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>6.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> </tbody> </table> <p><b>20 ұпай-«5», 19-15 ұпай-«4», 14-10 ұпай-«3».</b></p>	Оқушының аты-жөні	Оқушының ұпай саны	Топ көшбасшысының ұпайы	Жалпы ұпай саны	Жалпы топтың жинаған ұпай саны	Баға	1.						2.						3.						4.						5.						6.							
Оқушының аты-жөні	Оқушының ұпай саны	Топ көшбасшысының ұпайы	Жалпы ұпай саны	Жалпы топтың жинаған ұпай саны	Баға																																								
1.																																													
2.																																													
3.																																													
4.																																													
5.																																													
6.																																													
Қорытынды:	<p>Сабак бойынша алған білімдерін сұрақтар қойып қорытындылау. Үйге тапсырма: Әріптер әлеміне ертегісінің жалғасын өздері құрастырып келу. Дарынды балаларға берілген тапсырма: 1. Қазақ алфавитіне қосымша мәліметтер жинап келу (Томирис). 2. «Дыбыстардың жіктелуі» тақырыбына қосымша мәліметтер.</p>																																												



	жинау (Амир).		
Реф-лек-сия:	Бүгінгі сабақ оқушыларға түсінікті әрі қызықты өтті. Фишкамен бағалау оқушыда жоғары баға алуға мүмкіндік беріп, сыныпта әрқашан төрт алатын оқушы бес алған, оқушы бойында есеп шығаруға деген қызығушылық, өзіне деген сенім пайда болды.	Не ұнады? Неліктен? Не ұнамады? Неліктен? Не білдім? сұрақтарын тақтаға іледі.	Бүгінгі сабақ ұнады ма? Бұл сабақта мен үшін не қиын болды? Мен қалайша қиындықты жеңе аламын? Сұрақтарына жауап жазып, пікірлерін ынтымақтастық ағашына ілу.



Айтолқын МЕНДЕКЕЕВА,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Қызылжар ауданындағы  
Налобин орта мектебінің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

## АСТАНА – БАС ҚАЛА ЖӘНЕ СӨЗ БАЙЛЫҒЫ

**Сабақтың мақсаты:** білімдері мен түсініктерін кеңейту. **Міндеттері:** білімділік – «Менің Отаным –

Қазақстан» модуліндегі алған білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру; оқушылардың дүниетанымын кеңейту; ауызша ойлау мен сөйлеу қабілетін дамыту; сөз тіркестерін және сөйлем құрау дағдысын қалыптастыру; өзара сұхбаттасуда ақпарат алу үшін сұрақтар қоюға үйрету; **тәрбиелік** – туған жеріне деген сүйіспеншілігін, туған қаламызға деген патриоттық мақтаныш сезімін туғызу, бір-біріне көмек беруге, ұйымшылдыққа, туған жерін сүюге тәрбиелеу.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі.

##### A) Сәлемдесу.

- Сәлеметсің бе, алтын Күн,
- Сәлеметсің бе, көк аспан,
- Сәлеметсің бе, туған жер,
- Сәлеметсіз бе, қонақтар!

##### Ә) Оқушыларды сабаққа бейімдеу.

- Ал, қазір сендермен өткен тақырыпты қайталайық. Сендер бір-біріңе сұрақ қойып, сұраққа жауап беріңдер.

Мысалы мынандай сұрақтар:

- Сенің Отаның қай ел?
- Менің Отаным – Қазақстан.
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.
- Қазақстанның астанасы болған қалаларды аташы.
- Қазақстанның астанасы болған қалалар: Орынбор, Қызылорда, Алматы, Астана.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне нелер жатады?

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – ту, елтаңба, әнұран.

## **II. Үй тапсырмасын тексеру.**

Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің астаналарын жазып келу. Астана қаласындағы «Бәйтерек», «Президент сарайы», «Интерконтиненталь қонақүйі», «Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті», «Жастар сарайы» ғимараттары бойынша хабарлама дайындау.

Қытайдың астанасы – Пекин. Ресейдің астанасы – Мәскеу. Қырғыстанның астанасы – Бішкек. Өзбекстанның астанасы – Ташкент. Түркіменстанның астанасы – Ашхабад.

Үй тапсырмасын оқып, ілулі тұрған Қазақстан картасына Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің астаналарының атауын жапсырады.

Бағалау парағына өздеріне баға қояды.

## **III. Жаңа сабақ.**

Ал қазір мына бейне клипті көрейік. (Алтынай Жорабаеваның «Астана» әні мен Астана қаласының көрікті жерлерінің суреттерінен презентация):

- Бейнеклип қай қала туралы?

- Астана қаласы туралы.

- Ендеше, балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы сонда қандай болды?

- Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Астана – бас қала.

- Дұрыс айтасыздар, біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Астана – бас қала».

- Астана қаласында кім болды?

- Біз Астана қаласы туралы не білеміз?

- Ал, қане, айтып отырып мына кластерді толтырайық (Астана – бас қала).

Кластердің бірінші жартысы не білеміз? Ендеше, бүгін сабағымызда не істейміз, не үйренеміз, кім айтады? (Оқушылар сабақтың мақсатын өздері анықтауы керек).

- Онда оқулықтарыңның 42-бетін ашыңдар.

**Сөздік жұмыс. Тыңдалым. Айтылым. Жазылым.**

Мәтінмен жұмыс істемес бұрын жаңа сөздермен танысайық. Жаңа сөздерді оқу, аудару, сөздік дәптерге жазып алу.

*Өзеннің жағасында – на берегу реки;*

*Сарайы – дворец;*

*Қонақүй – гостиница;*

*Жастар – молодежь;*

*Танымастай өзгерді – изменилась до не узнаваемости;*

*Тұрғын үйлер – жилые дома;*

*Ескерткіштері қойылған – поставлены памятники;*

*Ұлт өкілдері тұрады – живут представители нации;*

*Тұрғындарының саны – численность населения;*

*Болашағы – будущее;*

*Гүлденеді – процветает;*

*Өзгерді – изменилась;*

*Салынды – построили.*

ә) Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру.

### **Мәтінмен жұмыс. Оқылым.**

Жұппен жұмыс. Жұмысын бірінші орындаған оқушылар мәтін бойынша сұрақтар дайындайды.

Астана – бас қала.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Ол Есіл өзені жағасында, Сарыарқа жерінде орналасқан. Аз уақыттың ішінде қала танымастай өзгерді. Астанада Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, “Интерконтиненталь” қонақ үйі, Жастар сарайы, көп қабатты тұрғын үйлер бар. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері қойылған. Астана қаласында 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Қала тұрғындарының саны 518 мың адам. Астана – болашағы үлкен қала.

А) Мәтінді оқып, бейтаныс сөздері бар сөйлемдерді аударып, мағынасын түсіну.

Ә) Мәтін бойынша сұрақ дайындап, сұрақтарға жауап беру.

1. Астана қаласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан?

2. Есіл өзенінің бойында қандай ғимараттар бар?

3. Парламент үйінің алдында кімдерге арналған ескерткіш бар?

4. Астана қаласында қанша ұлт өкілдері тұрады?

Мәтінмен жұмыстан соң оқушылар бағалау парақтарына бағаларын қояды.

Б) Еліміздің бас қаласы – Астана туралы оқушыларға әңгімелеу. Мұғалім оқушы жауаптарын қорытындылап, мынадай қосымша мәлімет беруіне болады:

### **Суретпен жұмыс. Айтылым.**

«Саяхат» оқыта-үйрету ойынын ұйымдастыру. Бұл үшін оқушыларға алдын ала берген тапсырма бойынша мәтіндегі Астана қаласының көрікті жерлерінің суреттерінен слайдтар дайындалып, оқушылар белгілі слайд бойынша қосымша хабарлама жасайды. Оқушылар бұл ғимараттың (ескерткіштің, бұрқақтың, т.с.с.) Астанада орналасқаны туралы, оның қандай екені туралы сөйлем құрастырып айтады.

Астана қаласы туралы кім қосымша тапсырма дайындап келді. Үйде дайындап келген шығармашылық тапсырмаларымен жұмыс.

Үлгі: *«Бәйтерек» туралы Мынау – «Бәйтерек».* Бұл – Астана қаласының символы. Бәйтеректің биіктігі – 97 метр. 97 метр болу себебі Астана қаласы Қазақстанның астанасы болып 1997 жылы атанды.

*Президент сарайы «Ақорда» Есілдің сол жағалауында орналасқан. Ақорда ғимараты 2004 (екі мың төртінші) жылы салынып біткен. Ғимараттың биіктігі 80(сексен) метр. Ол 7 (жеті) қабаттан тұрады.*

*Ал мынау – Парламент ғимараты. Ол жаңа астанамыздың бірінші ғимараттарының бірі. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері қойылған.*

*«Интерконтиненталь қонақүйі» – Астана қаласының бес жұлдызды қонақүйі. Ол 1998 жылы салынған. Ол қаланың ортасында, Абай даңғылында орналасқан.*

«Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» 1996 жылы 23 мамырда ашылған. Ол Н.Ә.Назарбаевтың қаулысымен ашылған. Мен өскенде осы университетте оқығым келеді.

Астана қаласындағы «Жастар сарайы» 1973 жылы ашылған. Ол қаланың ортасында орналасқан. Жастар сарайы – 4 қабатты ғимарат. Онда бассейн, тренажер залы және төрт би залы бар.

- Өте жақсы, жарайсындар, балалар.
- Сонымен, Астана қаласында қандай ғимараттар бар екен?
- Бәйтеректің биіктігі неше метр?
- Не себепті ол 97 метр?
- Ділаздың өскенде қай университетте оқығысы келеді?

**Сергіту сәті.** «Қаражорға» өлеңінің музыкасы мен сөздерін өздері айтып, элементтерін билеп сергіту сәтін жасайды.

- Дәптерлеріңді ашындар. Бүгінгі күнді жазындар.
- Қазір қай ай?
- Қаңтардың нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Қазір біз сендермен жаттығу орындаймыз. Мына сөйлемдердің жалғасын екінші бағаннан алып толықтырындар. Жаттығудан көптік жалғауларын тауып белгілеңдер. Сөз құрамын қайталап, 2 сөйлемді сөз құрамына талдаймыз.

Бәйтеректің биіктігі  
Астана  
Астана-Қазақстан  
Астанада көп

**518 мың адам.**  
**97 метр**  
**ескерткіштер бар.**  
**бас қаласы**

Қала тұрғындарының саны **тарихындағы төртінші астана.**

Келесі тапсырмамыз – топпен жұмыс. Астана тақырыбына коллаж жасау. Сол коллаждың ішіне бес жол өлең құрастырып жазасындар. Сонан соң әр топтың көшбасшысы шығып қорғайды.

### **Синквейн. Бес жол өлең.**

Синквейн құру тәртібі:

- Бірінші тармақ – негізгі ойға байланысты зат есім;
- Екінші тармақ – негізгі ойға байланысты сын есім;
- Үшінші тармақ – негізгі ойға байланысты қимылды білдіретін етістік;
- Төртінші тармақ – тақырыпқа байланысты сөз тіркесі;

Бесінші тармақ – бірінші тармақтағы сөзбен мағыналас сөз.

1. Астана.
2. Көрікті, әсем.
3. Орналасқан, тұр, гүлденген.
4. Астана – Сарыарқа жерінде орналасқан.
5. Елорда.

Бағалау парағына жазба жұмыстарының бағаларын қоюды ұмытпау.

Мына сөзжұмбақтың жауаптары бар. Ал сендер сөзжұмбаққа сұрақтар даярландар.

А	л	м	а	т	ы															
	б	е	с	б	а	р	м	а	қ											
				г	у															
к	ы	р	а	н																
О	т	а	н																	
			н	а	з	а	р	б	а	е	в									

Мысалы:

1. Қазақстанның оңтүстік астанасы.
2. Қазақ халқының ұлттық тағамы.
3. ҚР Мемлекеттік рәмізі.
4. Мемлекеттік туды бейнеленген құс.
5. Родина сөзінің қазақша аудармасы.
6. ҚР президенті.

### Тест.

1. Астана қаласы Қазақстанның қай жерінде орналасқан.

- а) Сарыарқа; ә) шығыс;  
б) батыс; в) оңтүстік.

2. Астана қаласының символы:

- а) ту; ә) елтаңба;  
б) әнұран; в) Бәйтерек.

3. Астана .... қала:

- а) көне; ә) ескі;  
б) бас; в) таза.

4. Астана – Қазақстан Республикасының нешінші астанасы?

- а) бірінші; ә) алтыншы;  
б) екінші; в) төртінші.

5. Астана қаласының тұсаукесер тойы:

- а) 1998; ә) 1991;  
б) 1997; в) 1995.

6. Астананың бұрынғы аты:

- а) Ақтөбе; ә) Алматы;  
б) Ақмола; в) Орал.

7. Астана қай өзеннің бойында орналасқан?

- а) Еділ; ә) Есіл;  
б) Қарасу; в) Жайық.

8. Астана қаласында қанша ұлт өкілдері тұрады?

- а) 100-ден астам; ә) 130-дан астам;  
б) 200-ден астам; в) 50-ден астам.

9. «Астана – столица Қазақстана» аудармасын тап:

- а) Астана – күшті қала;  
ә) Астана – Қазақстанның астанасы;  
б) Астана – Қазақстан қаласы;  
в) Астана – жас қала.

10. Астананың туған күні:

- а) 6 шілде; ә) 10 шілде;  
б) 10 маусым; в) 6 маусым.

Тест жауабын тақтаға шығарып, оқушылар бір бірінің жұмыстарын тексереді.

Жауабы: 1.а. 2.в. 3.б. 4.в. 5.а.

6.б. 7.ә. 8.а. 9.ә. 10.а.

### Үйге тапсырма беру.

- Күнделіктерімізді ашып, үй тапсырмасын жазамыз. Жаңа сөздерді жаттап келу. «Астана қаласы» тақырыбына ЭССЕ жазып келу.

### IV. Сабақты қорытындылау.

- Сонымен, балалар, біз бүгінгі сабағымызда не үйрендік? Сабақ барысында толтыра бастаған кластерімізді толықтырайық.

**Рефлексия.** Бағалау парақтары байынша оқушыларға баға қою.

Тұрсынқұл ЖАППАРОВА,  
Алматы қаласындағы  
№34 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫ

**Мақсаты:** көктемдегі мерекелердің тойлану ерекшелігі, пайда болу негіздері туралы алған білімдерін тереңдету, сөздік қорын молайту.

**Міндеттері: білімділік** – оқушылардың етістіктің райлары бойынша алған білімдерін нақтылау, жүйелеу, жинақтау; **дамытушылық** – өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру, оқушының дүниетанымын кеңейту, ауызша ойлау мен сөйлесу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; **тәрбиелік** – оқушының мемлекеттік тілге құрметпен қарауға, оны сапалы да ерікті түрде меңгеруге, Отанын сүюге тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ, сұрақ-жауап, іздену, ойлану.  
**Әдісі:** кластер құрастыру, ассоциация стратегиясы, сұрақ-жауап әдісі. **Типі:** қайталау сабағы.  
**Көрнекілігі:** кеспе қағаздар, слайдтар, сызбалар.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

Сәлемдесу. Психологиялық дайындық:

- Бәріміз бір-бірімізге сәттілік тілейік.

Сабақтың мақсатымен таныстыру.

**Ой шақыру.**

Мереке түрлеріне қарай ассоциативтік қатар құрыңыздар.

Наурыз мейрамы – Жаңа жыл.	Күн мен түннің тенелуі, бәйшешек, наурыз көже, ақ бата беру ... .
8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні.	Анам, әпкем, гүлдер, сыйлықтар ... ,
9-мамыр – Жеңіс күні.	Жеңіс, ерлік, жауынгерлер, батырлар, соғыс ... .

Оқушылар екі топқа бөлінеді.

**I гейм.** Сұрақтарға жауап беру.

**1-топқа берілген сұрақтар:**

1. Етістіктің райларын ата.

2. 8-наурыз күнін әйелдер күні деп атап өтуді ұсыныс жасаған кім?

3. «Ақ мол болсын!» деген тілекті қай мейрамда айтады?

4. Наурыз күнін халық қалай қарсы алады?

**2-топқа берілген сұрақтар:**

1. Етістіктің райларына мысал келтір.

2. Ұлы Отан соғысы қай жылы жеңіспен аяқталды?

3. Ұлы Отан соғысына қатысқан батырлар жайында не білесіңдер?

4. 8-наурыз күнін қалай қарсы аласыңдар?

**II гейм.** Етістіктердің қандай райда тұрғанын анықтаңдар.

1-топ.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

Оқы да біл, ойна да күл.

Жексенбі күні киноға барғым келеді.

2-топ.

Батыр туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы.

Күшіңе сенбе, өнеріңе сен.

Домбыра үйірмесіне қатысқым келеді.

**III гейм.** Сөздерді жікте.

1-топ.

Берілген етістіктерден қалау рай жасап, жіктеңіз.

Жазу, ән салу, кету, демалу, сөйлеу.

2-топ.

Берілген етістіктерден шартты рай жасап, жіктеңіз.

Тігу, оқу, көру, жабу, шығу.

**IV гейм.** Сабақты пысықтау үшін сөздік диктантын жүргізу:

*жеңіс – победа;*

*тойлайды – празднуют;*

*мейрам – праздник;*

*ынтымақ – солидарность;*

*халықаралық – международный;*

*теңелу – равенство;*

*ұлыс – народ;*

*береке – благо;*

*атақ – звание;*

*жауынгер – воин, солдат.*

**Сергіту сәті:**

Наурыз мерекесінде айтылатын қазақ тіліндегі батаны жаттап алайық.

Ұлысың оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барсаң жол болсын!

Интербелсенді тақтамен жұмыс (+ белгілеу).

Етістіктің райын тап	Ашық рай	Бұйрық рай	Шартты рай	Қалау рай
Баласы жақсы оқыса, анасы қуанады.				
Мен жазда Бурабай көліне барғым келеді.				
Кітапты дауыстап оқы.				
Туған жерімізде түрлі өзгерістер мен жақсы жаңалықтар болып жатыр.				

Оқушыларды бағалау. Рефлексия жүргізу. Венн диаграммасы.

Мерекелердің ортақ қасиеттерін атаңдар.



**Дәмежан ШАКЕРОВА,**  
**Ю.А.Гагарин атындағы**  
**№3 орта мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Шемонайха қаласы.

## **ЕТІСТІКТЕР ЕЛІНДЕ – ТАБИҒАТ ТАМАШАСЫ**

**Сабақтың мақсаты:** табиғат туралы түсінік алады, сөздік қорлары мен ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытады. Тақырып бойынша лексикалық,

грамматикалық тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты ашу барысында қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдері оянады.

**Әдіс-тәсілдері:** аквариум тәсілі, стартер, Миға шабуыл, «Карусель».

**Көрнекілігі:** слайдтар, БББ сызбасы, бағалау парағы, маршрут парақтары.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу, көңіл-күйлерін сұрау.

Оқушылардың мотивациясын жоғарылату үшін «Улыбка» бейнефильмін қойып, көрсету.

Кэмпит арқылы оқушыларды топқа бөлу.

1-топ – «Тау» тобы.

2-топ – «Қорықтар» тобы.

3-топ – «Өзен» тобы.

Әр топ спикер сайлап алады. Топтарға бағалау парағын, кестелерді, маршрут парағын, кесілген етістіктер таратып беру.

Үй тапсырмасын тексеру. Синквейн тәсілі.

Әр оқушы «Ұшақ» сөзіне синквейн құрастырады.

Спикерлер тексеріп, бағалау парағына бағаларын қояды.

### **Жаңа сабақ.**

#### **1.1. Аквариум тәсілі.**

Екі белсенді оқушыны тақтаға шақырып, мұғаліммен екі оқушы арасында диалог жүргізіледі.

- Сен қай мемлекетте тұрасың?

- Қазақстан табиғаты қандай?

- Табиғатқа не жатады?

- Етістік деген не?

- Етістіктің неше шағы бар?

- Келер шақтың жасалу жолы қандай?

- Өткен шақтың жасалу жолы қандай?

- Осы шақтың жасалу жолы қандай?

Қалған оқушылар диалогты тыңдай отырып, сабақтың тақырыбын ашады да, мақсатын айтады.

#### **1.2. БББ кестесі.**

Оқушылар алдарында жатқан БББ кестесін толтырады.

- Балалар, сендер осы тақырып бойынша не білесіңдер?

- Не білгілерің келеді?

#### **1.3. Стартер тәсілі.**

Оқушылар партада жатқан сөздерді алып, етістіктің шақтары бойынша қабырғада ілулі тұрған кілттер қалташаларына салады.

Спикерлер қалташалардағы сөздерді тексереді, бағалайды.

#### **1.4. Өлеңмен жұмыс.**

Интерактивтік тақтада бір шумақ өлең жазылып тұрады.

1. Дауыстап бір оқушы оқиды.

2. Оқушылар өз беттерінше оқиды.

3. Оқушылар хормен оқиды.

4. Жатқа айтады да, есте сақтағандарын дәптерлеріне жазады.



Бағалау өлшемдері арқылы бір-біріне баға береді.

Өлеңді тексеру өлшемдері:

«5»-орфографиялық, пунктуациялық қателері жоқ, мазмұны толық.

«4»- 1орфографиялық, 1пунктуациялық қателері бар, мазмұны толық.

«3»- 2-3орфографиялық, пунктуациялық қателері бар, ой толық емес.

«2»- 3-5 орфографиялық, пунктуациялық қателері бар, ой толық емес.

### **1.5. №1 маршрут парағы.**

Тапсырма: Етістікті табыңыз.

#### **№1 МАРШРУТ ПАРАҒЫ:**

Ту..ан жер таби...аты-хал...ымыздың ұлт...ық мақтан...шы. Сонд...тан б..з оны қор...аймыз. Таби...ат қа үлкен үлес қосам...з: а...аш отырғ...замыз, саяба...тарды таз...лаймыз.

### **1.6 Сергіту сәті.**

«Қара Жорға» бейнефильмін көре отырып, билейді.

### **1.7. «Миға шабуыл» тәсілі.**

Оқушылар кластер құрастырады.

Әр топтың аты бойынша кластер құрастырады.

- Балалар, география пәнінен немесе басқа ақпараттардан сендер Қазақстан қорықтарындағы қандай өзендер мен тауларды білесіңдер?

- Қандай мағлұмат білесіңдер?

- Сол мағлұматты қолдана отырып, кластер құрастырындар.

### **1.8. №2 Маршрут парағы.**

Тапсырма: Етістік шақтарын, түрлерін анықта.

#### **№2 Маршрут парағы:**

Мен өз табиғатымды жақсы көремін. Көктемде мен отбасымен ағаш отырғыздым. Өткен демалыста бәріміз бірге Сарыағаш жерінде демалдық. Мен өз табиғатымды сақтаймын. Мен шығарма жазып отырмын.

### **1.9. «Карусель» тәсілі.**

Кластер бойынша оқушылар әр топқа барып сөйлем жинап, өз тобына келіп, мағынасы бар мәтінді құрастырады.

### **II. Рефлексия.**

#### **Сен маған 3 нәрсені айт.....**

Біз бүгін ..... өттік.

Бізге .....оңай болды.

Тобымыз тапсырманы орындай алды.

Сендердің не білгілерің келеді?

#### **Үй жұмысы:**

I деңгей – «Табиғатты қорғау» тақырыбына эссе жазу;

II деңгей – мәтін бойынша сұрақ- жауап дайындау;

III деңгей – мәтінді мәнерлеп оқу, ережені қайталау.

Дидар ЖАМАНҚАРИНА,  
Жезқазған қаласындағы  
жалпы білім беретін  
№4 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## САЯСИ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН «АЛТЫН БЕСІК»

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білім алушыларға өз өлкесінің құндылықтарын жетік меңгерту.  
**Міндеттері:** білімділік – туған жер қойнауының баға жетпес байлығын, сарқылмас салт-дәстүрін бойына сіңіру; **дамытушылық** – өскелең ұрпақ жүрегіне ұлттық сана-сезімге деген құрметті ұялатып, саяси сауаттылығын дамытуға мүмкіндік тудыру; **тәрбиелік** – балаларды еліне ерен қызмет етуге, ұлттық жәдігерлерімізді қастерлеуге, халқының тарихын білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Әдістер:** сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасының стратегиялары, бағалаудың дәстүрсіз түрлері, іздендіру, топтастыру.

**Сабақтың жабдықталуы.** **Көрнекілік құралдар:** белгілі әдебиет, өнер, кино саласының майталмандарының суреттері, үлестірме альбомдар,

«Аңыз адам» журналдары, Қазақстан қалаларының суреттері; **оқытудың техникалық құралдары:** интерактивті тақта, бейне, аудио жазбалар, слайдтар.  
**Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, музыка, бейнелеу, тарих, орыс және ағылшын тілі.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

1.1. Амандасып, оқушыларды тақтаның алдына шақырып, «1,2»-ге саналуларын өтіну. Жұптастырып, қазақша амандастырып, төс қағыстыра көңілдерін бір көтеріп алу.

1.2. Топтастыру. Үлестірме суреттерді таңдап алған оқушылар «Орталық Қазақстан», «Оңтүстік Қазақстан», «Солтүстік Қазақстан» топтарына топтасады.

**II. «Қызығушылықты ояту» кезеңі.**

2.1. Топтарға А-3 форматты қағаз таратылып, бейнелі таныстыру жасау жүктеледі. Әр топ өз өлкесін қылқаламмен өрнектейді. Бұл еңбектерін сынып оқушылары өздері «Бір жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалайды. «Жұлдыз» - көркем суреттің ұнамды жағы, «тілек» қандай толықтырулар қажеттілігін айта кету.

2.2. Сабақтың тақырыбы айтылып, мақсат-міндеттері баяндалады.

2.3. Мұғалім өлең шумақтарынан шашу шашады, сайыскерлер жасырынған қаланың атауын әр шумақтан кейін топ мүшелерінің бір мезетте бірдей шапалақтауы арқылы белгі беріп, шешеді.

Аты оның дәмді жеміс есіміндей,  
 Жемісі халқының мол несібіндей. /Алматы/.  
 Толассыз күні-түні шахталары,  
 Тереңнен қазынасын ақтарады. /Қарағанды/.  
 Қара төбе, қоңыр төбе, көк төбе,  
 Бұл маңайда мұндай түсті жоқ төбе. /Ақтөбе/.  
 Аты оның екі-үш заттан құралады,  
 Ұят қой білмегенің бұл қаланы. /Екібастұз/.  
 Тастан емес, қыштан емес қорғаны,  
 Қарағайдан, қайыңнан да болмады. /Талдықорған/.  
 Есімінде екі сөз бірігіпті,  
 Балалар бірін ұқпай, бірін ұқты. /Шымкент/  
 Әр дұрыс жауапқа бір жұлдыздан үлестіріледі.

### III. «Мағынаны тану» кезеңі.

3.1. «Аңыз адам» журналдары таратылып, «Екі түрлі түсінік» күнделігін толтыру тапсырылады.

Тұлғаның өмірбаяны, туған өлкесі туралы	Бізге бейтаныс қырлары

3.2. «БҮБ» кестесімен жұмыс.

«Білемін»	«Үйрендім»	«Білгім келеді»

3.3. Ұяшық бойынша таңдалған аудио немесе бейне жазбаны орыс тіліне, төмендегі сөздерді ағылшын тіліне аудару.

қазақша	орысша	ағылшынша
көше	улица	street
аула	двор	courtyard
қала	город	city
ақын	поэт	poet
суретші	художник	painter
аңыз	легенда	legend
Отан	родина	motherland
парыз	долг	duty
халық	народ	people

3.4. Сергіту сәті. «Қара жорға» биін билеу.

3.5. Тарихқа тағзым. Еліміздің әдебиетіне, мәдениетіне, өркендеуіне үлес қосқан тұлғалар тақырыбы төңірегінде 15 блиц сұрақтарға шапшаң жауап беру.

### IV. «Ой толғаныс» кезеңі.

4.1. Топ оқушыларын қайта топтастырамыз.

а/ Топ спикерлеріне лайық үш баланы бірінші қатарға қою;

ә/ Келешекте кім Ә.Қастеев сияқты суретші болады? /өз тобына бір оқушыны таңдайды/.

б/ Шара Жиенқұловаға еліктейтін биші қыз кім?

в/ Әлібек Дінішев пен Роза Рымбаеваның жолын жалғастыратын әншілер бар ма?

г/ Ел қорғайтын жас шекарашылар қай үш ұлан екен?

д/ Болашақтың ғалымы болуға кім лайық?

Гүлайым ІЗБАСАРОВА,  
№32 жалпы орта білім  
беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы.

4.2. Үш топқа бірдей «Алтын бесік» тақырыбына топтастыру жасау тапсырылады. Шарты: сөз қолданбай шартты белгілер, пайдалы қазбаларды химиялық тілмен, портрет жасыру, аң, құс, ағаш, тау атауларын жасырып топтастырады. Дайын ассоциация тақтаға ілінеді. 1-топтың суретін 2-топ, 2-топтың суретін 3-топ, 3-топтың суретін 1-топ оқушылары қорғайды. Бұл тапсырма «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағаланады. Мұндай тәсіл оқушыларды бірлікке, ынтымақтастыққа, ұйымшылдыққа баулиды.

4.3. «Бес жолды өлең» стратегиясы. «Атамекен» тақырыбына арналған оқушылардың жылы лебіздері.

4.4. Мұғалім:

- Арайлап таңым, асқақтап тауым,  
Өн ойнап көгім, күй тартты көлім.  
Қол жетті, міне, аңсаған күнге,  
Жасай бер, жаса, қазағым менің.

Бабамның қаны, анамның жасы,

Сіңген бұл далам, қымбатсың маған.

Береке – бірлік қамалдың басы,

Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам,- деген өлең жолдарымен бүгінгі сайысымыздың қорытынды нүктесін қоюға рұқсат етіңіздер!

**V. Бағалау.** Топтық бағалау. Үш жұлдыз, бір тілек. Мұғалімнің бағалауы.

**VI. Рефлексия кезеңі:**

Сайыс сабақ көңілдеріңізден шықты ма?

Қандай тапсырмалар ұнады?

**VII. Марапаттау.**

## ТІЛ ҰСТАРТҚАН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

*(1-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды оқу құралдарының атауларымен таныстыру. **Міндеттері:** **білімділік** – сөздік қорларын молайту, тілдерін ұстарту, сауаттылыққа үйрету, жана сөздердің жазылу жүйесін меңгерту; **тәрбиелік** – сауатты, көркем жазуға үйрете отырып тапқыр, ұқыпты, еңбекқор болуға тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерге баулу; **дамытушылық** – тез ойлап, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру, таным қабілетін дамыту.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сөздікпен, топтық, жеке жұмыс, сәйкестендіру. **Тәсілі:** сұрақ-жауап, қорыту, баяндау. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдеп, еңбекке баулу. **Пәнішілік байланыс:** лексика. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, тән дыбыстар, сөздік.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру бөлімі:**

а) сыныпты түгелдеу, оқу құралдарының толықтығы, оқушылардың сабақты бастауға көңіл-күйі, оқушы назарын сабаққа аудару.

**II. Өткен материалды қайталау.** Тән дыбыстарды қайталау.

**1-тапсырма.** Сөздерді жатқа айту.

Парта, орындық, тақта, терезе, есік.

Парта қандай түсті? Қоңыр.

Орындық қандай түсті? Ақ.

Тақта қандай? Үлкен.

Терезе қандай? Үлкен.

Есік қандай түсті? Көк.

**III. Жаңа сабақ.**

Жаңа сөздерді оқу, қайталану.

Сөз тіркесін құрастыру.

*Кітап – книга;*

*Дәптер – тетрадь;*

*Қалам – ручка;*

*Қарындаш – карандаш;*

*Өшіргіш – резинка;*

*Сызғыш – линейка;*

*Қайшы – ножницы;*

*Желім – клей;*

*Күнделік – дневник.*

Жасыл дәптер, көк кітап, кішкентай қайшы, қара қарындаш, ақ өшіргіш, сары өшіргіш, қызыл қалам, үлкен желім, жасыл күнделік.

**IV. Тапсырмаларды орындату.**

1. Сұраққа жауап беру. Нелер?

*Қайшылар, дәптерлер, қаламдар, желімдер, кітаптар, қарындаштар, сызғыштар, күнделіктер, өшіргіштер.*

**2. Сәйкестендіру.**

<i>Қайшы</i>	<i>Өшіргіш</i>	<i>Сызғыш</i>	<i>Қалам</i>
Сыз	Жаз	Қи	Өшір

3. Төртінші артықты тап.

Дәптер	Қалам	Өшіргіш	Он
--------	-------	---------	----

Қуыршақ	Кітап	Сызғыш	Желім
---------	-------	--------	-------

4. Сергіту сәті.

**5. Өлеңдерді жатқа айту.**

Қалам

Бар әдемі қаламым, Кітап, дәптер, қаламым,

Соны қолға аламын. Сөмкеме оны саламын.

Жазуды да жазамын, Күтетін оқу құралын,

Суретті де саламын. Мен әдепті баламын.

Сұрағанда мұғалім, Дайын қағаз, қаламым,  
Дайын оқу құралым. Бояу таңдап аламын.

Кітап, қалам, дәптерді Ақ көгершін, көк аспан  
Түгендеп күнде тұрамын. Суретті жақсы саламын.

**6. Ойын ойнау.**

Тақтаға бір оқушы көзін байлап шығады, үстелдің үстінде түрлі оқу құралдары жатады. Ойынның шарты – оқу құралын қолға алып, атын атау.

**7. Жазылым.**

Кітап	Өшіргіш
Дәптер	Желім

Сызғыш  
Қайшы  
Қалам

Қарындаш  
Күнделік

V. Бекіту.

VI. Үйге тапсырма: 1-тапсырма, 112-бет.  
Сөздерді жаттау.

VII. Оқушыларды бағалау.



Ақмарал ЛЕСОВА,  
Алматы қаласындағы  
№22 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СӨЗГЕ БАЙ МЕНІҢ КИІМДЕРІМ

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** тақырып бойынша білімдерін толықтыра түсу, жүйелеу. **Міндеттері:** білімділік – сөздік қорларын молайту; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту. Сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін шыңдау, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – өз киімдері мен заттарына ұқыптылықпен қарауға, тазалыққа баулу. Адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеу.  
**Түрі:** дәстүрлі емес сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сыни тұрғысынан ойлау, диалог. **Пәнаралық байланыс:** өзін-өзі тану, этнопедагогика, орыс тілі, қазақ әдебиеті.

Негізгі түсініктер: тақырып бойынша алған білімдерін жүйелеу.	Өткен сабақпен байланысы: жіктік жалғауының түрлері.	Бағалау: Бақылау жұмысты бағалау (формативті бағалау). Сапалы білімді бағалау.	Көрнекіліктер: жұлдызшалар, интербелсенді тақта, магнитофон, бағалау парақшалары.	
Формативті бағалау нормасы:				
Уақыты.	Жұмыстың түрі.	Мұғалімнің рөлі.	Оқушының рөлі.	
Басталуы: (5 мин.)	Сынып оқушыларымен амандасу. Түгелдеу.	Мұғалім сабақты бастайды.	Оқушылар мұқият тыңдайды.	
	Ынтымақтастық атмосферасын құру – шаттық шеңберін жасай отырып, оқушылар өздерінің сабақ алдындағы көңіл-күйлерін бір сөзбен жеткізеді. Мысалы: жақсы, т.б.	Сабақты жалғастырады. Сабақтың жүру тәртібімен, бағалау туралы түсінік береді.		
	Мозайкалық ойын, яғни, кесінді қағаздарды біріктіру арқылы оқушылар топтарға біріктіріледі.	Бұл ненің суреті?	Мозайкалық түрде берілген суреттерді құрастырған оқушылар қойылған сұраққа жауап береді.	

	Бүкіл сыныптың жұмысы: Блиц-турнир. Топтарға бөлінген оқушыларға сұрақ-жауап жүргізіледі.	Оларды не деп атаймыз? – сұрағын қою арқылы оқушыларды ойландырады.	Оқушылар өз білімдерін ортаға салады.
Үй тапсырмасы (8 мин.).	Дарынды балаларға берілген тапсырманы (Саида мен Ерланның) айтатын қосымша мәліметтерін тыңдау.	Мұғалім сұрақтарды топтарға оқиды, бағалап отырады. Жұлдызшалар арқылы бағалап отырады.	Қосымша мәлімет алады.
Білім (20 мин.).	Сабақтың құпиялылығы кезеңінде оқушылар жаңа сабақтың тақырыбын табады.	Сурет-жұмбақты таратады, бағыт береді.	Суретжұмбақты шешеді.

	«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін еске түсіру, бауырсаққа көмекке келу.	Парақшаларды таратып береді.	Кейіпкерлерін атап шығады.
	А) Қоянның тапсырмасы: Қол...ап К...рте Ж...йде Ш...лбар Т...н Қ...лақшын К...йлек		Тиісті әріптерді тауып жазады.
	Ә) Аюдың тапсырмасы: шашылған жемістерін себеттерге салу, жинау.	Дұрыс сөз тіркестерін құрау, аудару керектігін түсіндіреді.	Себеттерге сөз тіркестерін салады.
	Б) Қасқырдың тапсырмасы:  Менің: кітабым, киімім, дәптерім.  Сенің: добың, етігің, сызғышың, сағатың.	Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлемдер құрастыру керектігін айтады.	Парақшалардағы сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлемдер құрап жазады.

	В) Түлкінің тапсырмасы: адасқан сөздерді дұрыс орналастыра отырып, сөйлемдер құрап айту. <i>Менің, бұл, киім, шкафы. Бар, онда, киімдерім, менің Костюм, тон, жейде, етіктерім, және, олар, туфлилерім Таза, мен, ұстаймын, киімдерімді.</i>	Адасқан сөздерді интер-белсенді тақтадан, сонымен қатар дұрыс жауаптарын көрсетеді.	Тапсырманы мұқият тыңдап, дұрыс сөйлемдер құрауға талпынады.
Қорыту: (7 мин.).	Г) Тазша баланың қонаққа келуі. Адамның сәні, Онсыз жоқ мәні. (Киім-Одежда) Дорбаға тығып, бас бағын, Байлай салдым қос жағын. (Тымақ – Шапка). Іші – егіс, Сырты – тегіс. (Тон – Шуба). Ерте тұрдым да, Қос жолға түстім. (Шалбар – Брюки) Қолы бар, Саусағы жоқ. Мойыны бар,		Жұмбақтарды шешіп, жауабын үш тілде айтады.

	Басы жоқ. (Көйлек – Платье). Күндіз таяғымды қаптаймын, Түнде босағаға тастаймын. (Аяқ киім – Обувь) Есігі біреу, Бөлмесі бесеу. (Қолғап – Перчатки).																		
Рефлексия: (3 мин.)	Кері байланыс орнату.	Смайликтерді тарату.	Көңіл-күйді бейнелейтін смайликтерді көрсету.																
Қорытынды:	Бағалау парақшаларын толтыру.	Нені білдік? Нені білетін-біз? Нені білгіміз келеді?																	
	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>Жұлдызша саны</th> <th>Топтың саны</th> <th>Бағасы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin: 10px auto; width: fit-content;"> <p>10,9 жұлдызша-«5» 8,7 жұлдызша- «4» 5,4 жұлдызша – «3»</p> </div>			Оқушының аты-жөні	Жұлдызша саны	Топтың саны	Бағасы												
Оқушының аты-жөні	Жұлдызша саны	Топтың саны	Бағасы																
Үйге тапсырма:	172-бет 1-тапсырма. Мәтінді әңгімелеу.																		



Роза МАХАМБЕТОВА,  
Алматы облысының  
Ескелді ауданындағы  
Қарабұлақ орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН 3-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

### 1-нұсқа

1. Сөйлемді толықтыр. Қыста ... жасады.

а) жаңбыр; ә) қар; б) нөсер.

2. Бір жылда неше мезгіл бар?

а) 4; ә) 2; б) 3.

3. Аудармасын тап.

1. сырғанақ

а) дорога

2. сағат

б) парк

3. пайда

в) каток

4. саябақ

г) купил

5. жазамын

д) часы

6. жол

ж) польза

7. сатып алды

е) пишу

4. Сөйлемді аудар. Адам күніне үш рет тамақтанады.

а) Человек в день три раза питается;

ә) Человек три раза кушает;

б) Человек в день два раза питается.

5. Жалғаулықтарды (союзы) көрсет.

а) мен, бен, пен;

ә) -нікі, дікі, тікі;

б) ма, ме, ба, бе, па, пе.

6. Сөйлемді толықтыр. Ешкінің ... бар.

а) ботасы; ә) қозысы; б) лағы.

7. Сұраққа жауап бер?

Сен нешінші сыныпта оқисың?

а) екінші; ә) үшінші; б) төртінші.

8. Бір айда неше апта бар?

а) төрт; ә) жеті; б) үш.

9. Сөйлемді толықтыр.

Мен ... үшінші сыныпта оқимын.

а) биыл; ә) кеше; б) ертең.

10. Сұраққа жауап бер.

Көктемде күн қандай?

а) жылы; ә) ыстық; б) суық.

### 2-нұсқа

1. Бір аптада неше күн бар?

а) 24; ә) 7; б) 12.

2. Сөйлемді толықтыр.

Кеше ... оқыдым.

а) дәптер; ә) кітап; б) қалам.

3. Сұраққа жауап бер.

Жазда күн қандай болады?

а) ыстық; ә) суық; б) жылы.

4. Аудармасын тап:

1. уақыт

а) сейчас

2. тәулік

б) высокий

3. биыл

в) сутки

4. кеше  
5. биік  
6. қазір  
7. бұзау
- г) время  
д) теленок  
ж) вчера  
е) в этом году

5. Сөйлемді аудар.

**До аула я поехал на автобусе.**

- а) Ауылға автобуспен бардым;  
ә) Мен ауылға жаяу бардым;  
б) Мен ауылға дейін автобуспен бардым.

6. Сөйлемді толықтыр.

**Түйенің ... бар.**

- а) ботасы; ә) қозысы; б) құлыны.

7. Сұраулық шылауларды көрсет:

- а) мен, бен, пен;  
ә) -нікі, дікі, тікі;  
б) ма, ме, ба, бе, па, пе.

8. Тоғызыншы айды көрсет:

- а) қыркүйек; ә) наурыз; б) тамыз.

9. Қазір сағат неше?

- а) 25; ә) 5; б) 60.

10. Сұраққа жауап бер.

**Бауырсақ қандай?**

- а) жұмсақ; ә) дәмді; б) қара.

### **3-нұсқа**

1. Бір тәулікте неше сағат бар?

- а) 60; ә) 12; б) 24.

2. Сөйлемді толықтыр.

**Сейсенбі – аптаның ... күні.**

- а) екінші; ә) төртінші; б) бірінші.

3. Сөйлемнің дұрыс аудармасын көрсет:

**Кезекші тақтаны сұртті.**

- а) Ученик сидит;  
ә) Дежурный вытер доску;  
б) Дежурный стоит возле доски.  
4. *Сұраулық шылауды дұрыс қой.*

**ма? не? бе?**

- а) бала ...? көйлек ...? көз ...?;  
ә) мектеп ...? дәптер ...? сынып ...?;  
б) қалам ...? сәбіз ...? тақта ...?.

5. Сөйлемді толықтыр.

**Мен Алматы қаласында ...**

- а) сөйлеймін; ә) отырамын;  
б) тұрамын.

6. Сөйлемді толықтыр.

**Қойдың .... бар.**

- а) ботасы; ә) қозысы; б) лағы.

7. Аудармасын тап.

- |               |                |
|---------------|----------------|
| 1. шөп        | а) коса        |
| 2. керек      | б) продукты    |
| 3. дүкен      | в) трава, сено |
| 4. қаймақ     | г) нужно       |
| 5. азық-түлік | д) магазин     |
| 6. шалғы      | е) сметана     |

8. **Мен, бен, пен жалғаулықтарын (союзы) дұрыс қой.**

- а) Нұрлан ... Досан. Ғазиз ... Асан. Талғат ... Сәуле;  
ә) Қанат ... Сәуле. Айман ... Гүлнар. Маржан ... Айнаш;  
б) Әлия ... Қанат. Самат ... Жарас. Айқыз ... Акнұр.



6. Бір жылда неше күн бар?

а) 60 ; ә) 365; б) 24.

7. Аудармасын тап.

1.бүгін а) одела

2.кідім ә) сейчас

3.кеше б) сегодня

4.қыс түсті в) вчера

5.боран г) пришла зима

6.қазір д) буран

8.Спорт дүкенінде не бар?

а) тон; ә) ойыншық; б) доп.

9.Сөйлемді толықтыр.

... сағат неше?

а) кеше; ә) қазір; б) қыс.

10. Сұраққа жауап бер. **Неше етік?**

а) үш етіктер; ә) он көйлек;

б) төрт етік.

### ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ (3-СЫНЫП)

	1-нұсқа	2-нұсқа	3-нұсқа	4-нұсқа	5-нұсқа
1	Ә	Ә	Б	А	А
2	А	Ә	А	Б	Ә
3	1в2д3ж4б 5е6а7г	А	Б	А	Б
4	А	1г2в3е4ж 5б6а7д	А	Б	Б
5	А	А	Б	Ә	А
6	Б	А	Ә	Ә	Ә
7	Ә	Б	1в2г3д4е 5б6а	1ә2а3г 4ә5в	1б2а3в 4г5дбә
8	А	А	А	Ә	Б
9	А	Ә	Б	Ә	Ә
10	А	Ә	Ә	Б	Б

### Сыныптан тыс тәрбие

Анар МҰҚАШЕВА,  
Ю.А.Гагарин атындағы  
№3 орта мектептің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Шемонайха қаласы.

## ТІЛ – ХАЛЫҚ ЖАНЫ

**Залдың көрнекілігі:** «Тіл – халық жаны» атты жазу, ою-өрнектер, тақырыпқа сай презентация, қажетті құрал-жабдықтар.

*Сахна артында музыка ойналады. Музыка сүйемелдеуімен Б.Әділовтың «Тіл туралы» өлеңі оқылады. (сахна артында).*

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде мың-мың ыстық қаным бар.

Туған тілде әнім менен сәнім бар!

Туған тілім – жүрек үнім, наныңдар!

Нанбасаңдар, жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

**Музыка сүйемелдеуімен сахнаға жүргізушілер шығады.**

**1-жүргізуші:**

- Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар, ана тілін ардақ тұтар тіл жанашырлары!

## **2-жүргізуші:**

- Добрый день, дорогие гости, учителя, ученики!

Сегодня мы собрались на праздник посвященный дню языков **«Язык – душа народа»**. Пусть народ Казахстана будет богатым, язык вечным, а дружба крепким.

**Бірге:** - С праздником, дорогие друзья!

## **1-жүргізуші:**

- Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы. 1998 жылы 20-сыншы қаңтарда еліміздің Президенті жарлығымен 22-қыркүйек Қазақстанда тұратын халықтардың Тілдер мерекесі деп жарияланды.

## **2-жүргізуші:**

- Язык – средство общения. 22-сентября мы отмечаем праздничную дату – День языков народов Республики Казахстан. Он был учрежден согласно Указу Президента Республики Казахстан 20 января 1998 года.

Мы сердечно приветствуем вас – представителей многонационального народа Казахстана!

**Еліміздің әнұраны орындалады.**

## **1-жүргізуші:**

- Алғашқы құттықтау сөзі мектеп директорына беріледі.

*Патриоттық музыка сүйемелдеуімен сахнаға 3-4 сынып оқушыларынан тұратын топ шығады. Төмендегі рет бойынша қатар түзейді.*

Көк галстукті

Сары галстукті

Көгілдір галстукті

Сары галстукті

Осы ретте қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өлеңдер оқылады. Соңында «Қазақ елі осындай» әнін орындайды.

## **1-жүргізуші:**

- Тіл – халықтың жаны, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы. Тіл – атадан қалған асыл мұра. Тіл- тәуелсіздігіміздің тұғыры, елдігіміздің іргетасы. Әр ұлттың қуаты – өз ана тілінде.

## **2-жүргізуші:**

- Язык – это общественное явление, которое действует на протяжении всего существования человечества.

Язык это окно в мир. Чем лучше ты владеешь языком, тем больше у тебя прав называться человеком!

*«Туған елім» әні (қазақ, орыс тілінде айтылады, би тобы сүйемелдейді)*

## **1-жүргізуші:**

- Туған елім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін! (Ә.Тәжібаев).

## **2-жүргізуші:**

- Қазақ халқы бар тарихын көшіп жүріп өткізсе де, батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртына қалдырмай, шабындыға алдырмай, барлық жинаған сөз байлығын, күйі мен жырын бізге жеткізді.

«Қазақ бийі».

*Музыка сүйемелдеуімен жүргізушілер: (диалог)*

**1-жүргізуші:**

- Жанибек, задумывался ли ты над тем, что такое язык?

**2-жүргізуші:**

- Да. Один человек говорит, другой слушает его и понимает. Вы читаете книгу, газету, журнал и тоже понимаете, что написано. С помощью слов человек выражает свои мысли и передает их другим. И это происходит благодаря языку.

**1-жүргізуші:**

- Да. Язык – это путь цивилизации и культуры. Сегодня мы говорим о роли языка в жизни человека.

Ведь родная речь это великая сила, она убеждает, обращает, принуждает.

**Белорус әні, бийі.**

*Сахна артында көңіл-күйді көтеретін, тамаша әуен, жастардың күлкісі, табиғат құбылысының дыбыстары естіледі. Мерекелік іс-шараның болып жатқанын естіп, қонаққа ат басын бұрған «Жібек жолы» керуені келеді (Бірнеше ұлттық, шығыс киімдерін киген ұл, қыздар түйе жетектеп, сыйлық толған түрлі қоржындарды (тойбастарларды) алып шығады. Екі жүргізуші бұл көрініске таңғалысып, көрермендерден дуқол шапалақпен қонақтарды қарсы алуларын сұрайды. Олардың қандай бұйымтаймен жүргендерін сұрайды. Сәлемдесу, таныстыру сәтіне арналған шағын көріністен кейін келесі*

*конкурстарды ұйымдастырады. Қатысушыларға сыйлықтарын береді.*

**1-сайыс. Сурет галереясы.** (сайыстың мақсаты – қағаз қиықтарынан сурет құрау, ол үшін әр қиықтың артындағы тапсырмаларды орындау керек, содан кейін дайын сурет магнит тақтаға жиналады да, суреттің атауы табылады).

Ортаға 10 бала шақырылады. Бес-бестен екі топқа бөлініп тапсырманы орындайды.

**2-сайыс. Аквариум.** (бір команда балықтар болады, екінші команда аквариумға балықтарды жинаушылар. Балықтардың әрқайсысында тапсырмалар бар. Тапсырма орындалса балық аквариумға салынады.) Төрт-төрттен, сегіз оқушы қатысады.

**3-сайыс. Үздік бишілер** (әр ұлт өкілдерінің музыкасынан үзінділер қойылады да, биден жарыс ұйымдастырылады. Жеңімпазды залдағы қонақтар анықтайды). Алты оқушы қатысады. Ұйымдастырушылар конкурсты қорытындылап, тілек сөздерін білдіріп, залмен қоштасады. Музыкамен сахнадан шығып кетеді.

**2-жүргізуші:**

- Қазақстан – көп диаспоралы мемлекет. Көп диаспоралы мемлекет үшін мемлекеттік тіл де қажет.

**1-жүргізуші:**

- Баршамыздың Отанымыз – Қазақстан, сондықтан тілді білу – біздің міндетіміз. Қазақ тілімен қатар ағылшын, орыс тілдерін де жетік білген жөн.

Гүлзағира ТАСТАҒАНОВА,  
Алматы қаласындағы  
№32 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

**Армян әні.**

**Ағылшын әні.**

**1-жүргізуші:**

- Язык – это город на построение которого каждый человек, живущий на земле, принес свой камень.

Язык – это орудие дружбы, и с тех пор как стоит мир, лучшего орудия еще никто не придумал.

**2-жүргізуші:**

- Тіл – халық жанын көркейтетін, байытатын құрал. Бұл дүниеде өз тілін:

*Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні орындалады.*

**1-жүргізуші:**

- Тіл – әр халықтың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінге жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелеуші, яғни, бар тарихының куәгері, деректі көзі.

**2-жүргізуші:**

- Всякий язык по сути своей, являющейся средством общения, должен объединить народы. Но на каком языке мы не говорили, мы все за МИР, ДРУЖБУ, СВОБОДУ и СПРАВЕДЛИВОСТЬ.

**«Қазақ елі» әні.**

**Бірге:** - «Жасай бер, туған тілім – анам тілім!

**2-жүргізуші:** - Келесі кездескенше!

**Бірге:** - Сау болыңыздар!

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮТҚАСЫ

**Мақсаты:** ХХ ғасырдың елімізге сыйлаған басты байлығы – Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегені жайында оқушыларға жете түсіндіру. Желтоқсан көтерілісінің сипатын насихаттай отырып, Желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтауға тәрбиелеу, жас ұрпақ бойында еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

**Көрнекілігі:** интерактивті тактада «Тәуелсіздік тірегі – қайсар рухы қазақтың», «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыптарымен жинақталған суреттер, қанатты сөздер.

**1-жүргізуші:**

- 1991 жыл-Тәуелсіз ел атанып, аяғынан тәй-тәй басқан республикамыз бен оның халқы үшін ерекше жыл. Сол күні республикамыздың аспанында Қазақ елінің өз жалауы желбіреді, елдігімізді танытар Елтанбамыз қабылданды. Көк жүзінде әлемге нұрын шашқан күн сәулесі, астында қияға қанат қаққан қыран тыныштықтың, берекелі өмірдің белгісі, ал ою-өрнек қай елдікі екенін аңғартады.

## **2-жүргізуші:**

- Ту ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнелеген тік бұрышты көгілдір мата. Күн шұғыла және қыран бейнесі алтын түсті. Матаның сол жағында ұлттық өрнегі бар тік жолақ орналасқан. Еліміздің рәміздерін, соның ішінде қасиетті Көк байрағымыз бен Елтаңбамызды, Өнұранымызды өз жанымыздай қастерлеу, оған зор құрметпен қарап тұмардай сақтау – бәріміздің абыройлы міндетіміз.

## **1-жүргізуші:**

- Тәуелсіздік – әр халықтың, әр мемлекеттің ең зор бақыты мен асыл арманы. Тәуелсіздік – қазақтың қолындағы жол бастар, жолын ашар шамшырағы. Қазақтың болашағы мен қуанышы. Барлығы да осы тәуелсіздік пен елдікте жатыр. Өз ана тілін, ұлтын, мәдениетін дамытам деген қазақтарға орыстың саясаты мүмкіндік бермеді. Сол үшін тәуелсіздіктің туын аңсаған қазақтың ұлтшыл ұлдары мен қыздары 1986 жылы 16 желтоқсанда Алматыдағы алаңға шықты.

## **2-жүргізуші:**

- Желтоқсан батырлары Қайрат Рысқұлбековтың, Ербол Сыпатаевтың, Ләззат Асанованың, Сәбира Мұхамеджанованың рухына тағзым етеміз. Еліміздің еркіндігі жолында жанын қиып, тәуелсіздігімізді көре алмай кеткен боздақтарды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

## **Президенттің анты:**

*Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына берген анты: «Қазақстан Республикасының азаматтарына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарының орындалуын қатаң қадағалауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасының өзіме жүктеген мәртебелі міндетін адал атқаруға салтанатты түрде ант беремін».*

## **2001 жылы – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы.**

10 жыл толды тәуелсіздік туғалы,  
Қазақ елі бірлікке бел буғалы.

10 жыл толды Қазақстан халқының  
Өз тағдырын өзі шешіп тұрғалы.  
Көгінде тұр көк байрағы желбіреп,  
Елтаңбаға қараймыз біз елжіреп.  
Өнұранды шарықтата шырқаймыз,  
Бабаларды еске алып ержүрек!

2011 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлауға дайындық үстінде. Бұл жылы елімізде Азия ойындары өтті. Азия ойындарында спорттың 11 түрінен 69 медаль сарапқа салынды. Азияның 26 елінің ішінен Қазақстан құрамасы жалпы саны 61 медаль иеленіп, жеңіс тұғырына көтерілді. Мұндай жағдай бұрын-сонды болмаған, әлемді дүр сілкіндірген жаңалық болды. Сонымен бірге бұл жыл тойларға бай болды. Тәуелсіздіктің мерейтойымен қатар халық дауылпаз ақын Қасымның 100, Ғасыр



ақыны – Мұқағалидың 80 жылдық мерейтойларын атап өтті.

**20 жыл ішінде жеткен жетістіктер:**

1. 1991 жылы 29 тамызда Семей полигоны жабылды.

2. 1991 жылы 2 қазанда Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.

3. 1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш Президентіміз сайланды.

4. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы БҰҰ мүше болып кірді.

5. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесі мемлекеттік рәміздері қабылданды.

6. 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі заңы – Конституция қабылданды.

7. 1993 жылы 15 қарашасы жас мемлекетіміз тарихында ерекше күн болып қалды. Осы күннен бастап ұлттық валютамыз – теңге айналымға енді.

8. 1994 жылы ядролық қаруды таратпау туралы келісімшартқа қол қойды.

9. 1996 жылы Алматы қаласында тәуелсіздік монументі ашылды.

10. 1998 жылы тіл туралы Заң қабылданды.

11. 1997 жылы 20 қазанда Президент жарлығымен Ақмола қаласы ел астанасы болып жарияланды. Қазақстанды бүкіл әлем таныды.

12. 1999 жылы 10 қаңтар Президент сайлау нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев 7 жыл мерзімге Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.

**13. 2000 жылы Мәдениетті қолдау жылы.**

**Мұғалім:**

- Балалар біз үшін «Отан» деген не?

Отан – жерім, Отан – суым,

Отан қуат нәр береді.

Отан – ұран, Отан – туым,

Отан мәңгі гүлденеді.

Отан – сенің ата-анан,

Отан – досың, бауырың,

Отан – өлке, астанан,

Отан – аудан, ауылың.



**Шынар ЖАҚАНҚЫЗЫ,  
Гүлпаш ДӘУЛЕТКЕЛДІҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№22 мектеп-гимназияның  
мұғалімдері.**

## **ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ҰЛАНЫМЫЗ**

**Сабақтың мақсаты:** тәуелсіздік сөзінің мән-мағынасын ашу. Қазақ елінің жетістіктері мен жас ұрпақтың келелі келешегін айқындау. Отан, мемлекет, нышандар, Ата заң, дәстүр туралы дүниетанымын дамыту. Елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** ҚР-ның елтаңбасы, туы, ұнтаспа, «Менің Қазақстаным», жазбалары. ҚР-ның картасы, орамалға оралған тиындар мен қап, қыстырғыштар, ағаш үй, жасыл жайлау, қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің үлгісі, тастар және ұсақ жаңғақтар, балаларға арналған тәтті сыйлықтар. Интерактивті тақта, суреттер, плакаттар.

**Түрі:** ашық, сабақтан тыс шара.

**Әдісі:** диалог, ауызекі сөйлесу, сұрақ-жауаптар.

**Сабақтың барысы.**

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіз ел ұланымыз» атты сабағымызды бастаймыз.

**Жүргізуші:**

- Қазақстан дейтін менің бар елім,  
Алып жатыр жарты дүние әлемін.

Бұл әлемді алғаш көріп қуанғам,

Бұл әлемде өскен жанда жоқ арман!

- Құрметті балалар, қонақтар! Сіздерді 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесімен құттықтаймын!

- Балалар, биыл тәуелсіздігімізге неше жыл толды?

- 22 жыл болды.

- Дұрыс айтасындар. Кім айтады? Тәуелсіз еліміздің қандай белгілері бар?

- Біздің еліміздің өз Елбасы бар. Ол – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Нұрсұлтан атамызға үлкен рахмет! Өйткені біз тәуелсіз, аспаны ашық, бай

мемлекетте алаңсыз білім мен тәрбие алып өмір сүріп жатырмыз.

- Өте жақсы. (келесі оқушы).

- Біздің Ата заңымыз 30 тамызда 1995 жылы қабылданған. Қазақ елінің әр азаматы заңды түрде қорғалған. Әр азаматтың жұмыс істеуге, білім алуға, демалуға құқығы бар.

**Жүргізуші:**

- Балалар, біздер сабақтың басында қандай ән орындадық?

**Балалар:**

- Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.

- Дұрыс. Әнұран қалай айтылады?

Әр азамат орынынан тұрып, қолын жүрек тұсына қойып, асқан құрметпен орындайды.

- Дұрыс айтасындар. Ал сіздердің алдарыңызда тұрған қандай нышандар?

- Қазақстан Республикасының туы және елтаңбасы.

- Өте дұрыс. Осы рәміздер туралы кім түсінік бере алады?

**1-бала:**

- Мынау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды. Көк аспандай көгілдір, ортасында күн шуағы, астында қыран бүркіт ұшып келе жатыр. Бұл дегеніміз Қазақстан халқы еркін, бостандықта өмір сүріп жатқан халық деген мағынаны береді.

Бір оқушы ту туралы өлең оқиды.

**2-бала:**

- Мынау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы. Елтаңбада шаңырақ, күн сәулесі, қанатты қос тұлпар, бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар.

**Жүргізуші:** - Еліміздің рәміздерін өте жақсы біледі екенсіңдер. Жарайсыңдар, балалар.

- Балалар, әр елдің өз астанасы болады емес пе? Осы туралы не айтасыңдар?

Иә, осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасында төрт астана болды.

Бірінші астанасы – Орынбор қаласы.

Екінші астанасы – Қызылорда қаласы.

Үшінші астанасы – Алматы қаласы.

Төртінші астанасы – Астана қаласы. Астана қаласы Есіл өзенінің бойында орналасқан.

1998 жылдан бастап Ақмола Астана қаласы деп аталды.

**Жүргізуші:**

- Балалар, бүгін біздің мерекеге Астанадан қонақ келді, ол сіздерге арнап «Астана» әнін орындап береді.

**Жүргізуші:**

- Балалар, ал біз қай қалада тұрамыз?

- Біз Алматы қаласында тұрамыз. Алматы Қазақстанның үшінші астанасы болған. Алматыда

ұлттық мұражай, кітапхана, Медеу мұз айдыны, Республика сарайы, метро, зәулім ғимараттар бар. Мен Алматы қаласын жақсы көремін.

**Күй.**

**Есік қағылып Теңге кіреді.**

**Теңге:**

- Я – тенге, блестящая и смелая,  
На рынке обороты делаю.

С рублем и долларом дружу,  
Достойно я Республике служу.

**Жүргізуші:**

- 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – Теңге пайда болды. Балалар теңге бізге не үшін керек?

- Киім, тамақ алуға керек, балабақшаға, пәтерге төлеуге керек, театрға, киноға баруға керек.

**Жүргізуші:**

- Балалар, теңге сіздермен ойын ойнағысы келіп тұр. Ойынның аты «Теңге алу». В старину самым ловким считался тот, кто насаку мог собрать монетки, которые разбросаны прямо на земле. У нас работа облегчена. Монетки завязаны в платочек и ваша задача – собрать эти платочки с монетками. 6 бала аттармен шауып орамалға түйілген тиындарды жинайды (30 шақты). Ойын соңында жиналған орамалдарды қазақша санап Теңгеге береді.

**Жүргізуші:**

- Балалар, ендігі сұрақ. Біздің мемлекетіміздің тілі қандай тіл?

Еліміздің Ата заңы – Конституцияның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл –

қазақ тілі» деп көрсетілген. Мен қазақ тілін жақсы білемін. Сол үшін мақтанамын!

Біздің кішкентай балапандарымыз қазақ тілі туралы өлеңдер жаттап келіпті. Қане, тыңдайық.

Әркім тілін сүйеді,  
Қадірлейміз мұны біз.  
Қазақ тілі киелі –  
Мемлекеттік тіліміз.

Қазына бар бұл тілде,  
Анам айтқан жыр - әнім.

Жоғалуы мүмкін бе?

Өлмейтұғын мұраның!

Өшпейді еш уақытта,

Ата – баба аңсары.

Қазақ тілі бақытқа,

Жеткізеді баршаны!

- Енді, балалар, ханталапай ойынын ойнаймыз.

Әр асықтың өз нөмірі бар. Сол нөмір бойынша тапсырмаларды орындайық. Жауабымызды толықтай айтамыз.

1. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды? 1991 ж. 16 желтоқсанда.

2. Қазақстанда неше облыс бар? (14).

3. Үлкен қалаларын ата . Картадан көрсет.

4. Сен қай облыста тұрасың? Алматы.

5. Қазақстанда қандай таулар бар? Алатау, Қаратау, Алтай, Баянауыл, т.б.

6. Қазақтың қандай батырларын білесің? Қарасай батыр. Қабанбай батыр. Райымбек батыр. Наурызбай батыр.

7. Отан туралы мақал-мәтел айтындар.

1. Отан – оттан ыстық.

2. Туған жердей жер болмас,  
Туған елдей ел болмас.

3. Жері байдың – елі бай.

4. Ел жасымен көрікті  
Тау тасымен көрікті,  
Аяқ асымен көрікті.

5. Өзге елде сұлтан болғанша,  
Өз елімде ұлтан болайын.

8. Қазақстанның өзендерін ата. Іле, Шу, Есіл, Ертіс, Сырдария.

9. Қазақстан қандай ұлтты мемлекет? Көп диаспоралы.

10. Қазақстанда қандай мал шаруашылығы бар?

**Жүргізуші:**

- Тақтаның жоғарғы жағындағы «Менің Отаным – Қазақстан» жазуын ашу.

Қазақстан – сенің туған жерің, атамекенің. Жері кең-байтақ. Халқы дана. Бірлігі жарасқан ел! Олай болса Отан туралы қандай өлең- жырларды білесіңдер?

**1-оқушы:**

- Қазақстан ақ бастау Алатау де,  
Қазақстан есілген Атырау де,  
Қазақстан Арал мен Балқаш, Семей,  
Төтеп берген ажалға батыр-ау де!

**2-оқушы:**

- Қазақстан Есіл мен Ертіс маған,  
Қазақстан Көкшетау ер қыстаған,  
Қазақстан Қабанбай, Бөгенбайлар,  
Баба салтын, бөбегін серт ұстаған.

**3-оқушы:**

- Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!  
Неткен күйге жүрегімді бөледің?  
Сенде тудым, сенде өстім сенде өлем,  
Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.

**Барлығы бірге:**

- Неткен сұлу, неткен көркем  
Осы менің туған өлкем!

**4-оқушы:**

- Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.

**5-оқушы:**

- Заман жаңа, ел жаңа  
Күлімдейді кең дала,  
Өз Астанам-өз ордам,  
Сүйенерім сен ғана.

**6-оқушы:**

- Тарихым жатыр тасымда  
Тіл қатып келер ғасырға.  
Азаттық деген ұғымның  
Желтоқсан тұрар басында!

**7-оқушы:**

- Шалқы, қазақ, шалқытып заман келді,  
Текке қанын төккен жоқ Амангелді.  
Кең далаңда керіліп, атыңды атап,  
Жырлап қазақ жаңа күй, жаңа ән келді.

**8-оқушы:**

- Қазақстан, менің асыл аймағым,  
Қуантады күнге құшақ жайғаның.  
Өзің едің көз тоймайтын алтын бақ,  
Құлпыра бер, құлпыра бер жарқырап.

**9-оқушы:**

- Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,  
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.  
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,  
Айта бергім келеді, айта бергім (Жұбан).

**Жүргізуші:**

- Жарайсыңдар балалар. Мерекемізге келген әр түрлі ұлт өкілдерін қарсы алайық. Әр түрлі республикадан келген қонақтар кіреді. Өз тілдерінде балаларды мерекемен құттықтайды және әр түрлі ұлттық тағамдардан дәм ұсынып, сыйлықтар сыйға тартады.

- Құрметті балалар, қонақтар, барлығыңызды «Достық» шеңберіне шақырамын («Менің Қазақстаным» әнінің әуенімен шеңбер жасалады).

Бақытгүл НЕМЕРЕНОВА,  
Алматы қаласындағы  
жалпы білім беретін  
№133 мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА»

Команда құрамы: Власов Евгений (8б сыныбы, команда капитаны), Витман Артур (9а сыныбы), Ответчиков Стас (9а сыныбы), Масимов Нұршат (10а сыныбы), Маратов Алмас (10а сыныбы), Крючко Алексей (7а сыныбы).

### 1. ТАНЫСТЫРУ

- Келді нұрлана «Ұлттық құрама»,  
Биікке шарлап, аттаймыз таңға.
- №133 мектебім, өзіңмен көктедім,  
Қырандай самғап, биікке өрледім.
- №42 мектепке келдік жеңбекке,  
Ақыл мен ойға, сенеміз еңбекке.
- Бір қадам артқа, бір қадам алға,  
Қарайық солға, қарайық оңға.
- Бірлікке сеніп, мақсатқа еріп,  
Берейік бойға жігер мен ерік.
- Аттайық бірге арайлы таңға!  
Алға, алға, Қазақстан, алға!
- 1. – Білесің бе? Мен жаңадан мақал шығардым.
- Айта ғой, көрейік.
- Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде Нұрсұлтан бол!

- Жарайсың!
- 2. *Астана қаласында САММИТ өтіп жатыр. Қала көшелері тым-тырыс, бірде-бір жан көрінбейді. Турист пен тілші арасындағы сұхбат.*
  - Астана қаласын қалай араладыңыз? Адамдары қандай екен?
  - Астана қаласы өте әдемі екен. Бірақ бұл қалада адам тұра ма өзі?
  - Әрине тұрады. Неге олай айттыңыз?
  - Ей, айналайын-ау, мен бірде-бір тірі жан көрмедім ғой!
- 3. *Екі кісі кездеседі. Біреуі ит жетектеп келе жатады. Ал, екіншісі, өзі ит сияқты ырылдап келе жатады.*
  - Итің қайда?
  - Кешіріңіз, итім ауырып қалды. Итімнің орынына өзім келдім.
- 4. – Сен білесің бе? Егер қолтырауын Брежневті жұтса не болар еді?
  - Ой, онда ол алтын құсар еді.
  - Ал Мұхтар Шахановты жұтса ше?
  - Онда қолтырауын қазақша сөйлеп кетер еді.
- 5. Қазақстан дамыған ел  
Ғаламшармен гүлденді.  
Биыл маған соғымды да,  
Блютузбенен жіберді.
- 6. - Естідің бе? Біздікілер кубок алыпты.
  - Қаншадан?
- 7. – Осы мен түсінбеймін. Хоккейшілерге клюшка не керек? Аяқпен ойнамай ма?
  - Аяқ коньки тебу үшін керек!

- Онда қолмен ойнасын!
- Қол төбелесу үшін керек!
- Онда баспен ойнасын!
- Бастарында шлем емес пе!?
- Тү..., бәрі қандай қиын!

8. *Бір балықшы өзенге келіп, балық ауламақшы болады... (Жоғарыдан):*

- Мұнда балық жоқ. *(Балықшы орынын ауыстырып, мұзды қайтадан тесе бастайды)*

- Мұнда балық жоқ.

*(Ол қайтадан орынын ауыстырады).*

- Мұнда балық жоқ.

- Сенсің бе, тәңірім?!

- Жоқ, бұл мұз айдынының директоры.

9. Жақында Қазақстанның «Ұлттық құрамасы» қазақ тілі жарысынан қайтып келді. Құр қол келген жоқ. Қола медалімен келді...

Азиада әзілдері.

- Өткен Азиада ойындарында трамплиннен секіру жарысында кәріс спортшысы биікке секірді де, көкжиекте ғайып боп кетті.

- Ең үздік ойын, ол – хоккей. Біреудің басын клюшкамен ұрғаның үшін 2-ақ минут беріледі.

- Қар көшкіні болды, сондықтан шаңғышылардың бәрі финишке бірдей келді.

Таяқ адамды маймыл қылды, ал екінші таяқ оны шаңғышы қылды.

- 2010 жылы Қызылағаш ауылында болған су апатынан кейін, «2011 жылы сол апат қайтадан қайталана ма?» деген оймен ауыл тұрғындарының бәрі жүзуге қатыса бастады.

### 3. Капитандар сайысы.

*Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру.*

Түрі орыс, жаны қазақ мен бала,  
Мақтанамын, төгілемін жырлана.  
Қазақ халқы сары демей, ақ демей,  
Құшағына басты ұлын кең дала.

Азиада тарландары барысы,  
Қазағымның көп қой ұлан арысы.  
Бәйгесімен танылатын әлемге,  
Бітпесінші қазағымның жарысы.

Қазақ осы ашық жарқын қабағы,  
Шетелдікке шабылып бір қалады.  
Байқа да тұр террористің өзіне,  
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

Қазақ осы еліктеуден тынбайтын,  
Той-думансыз оты түзу жанбайтын.  
Қазақ осы қарыз алып шетелден,  
Мақтанудан алдына жан салмайтын.

Қазақ осы шаңғы теуіп, ән салып,  
Хоккей ойнап, сырғанауға жаралған.  
Еліміздің туын талай көтеріп,  
Әлем елін ауызына бір қаратқан.

Қазақ осы жайып жатқан қанатын  
Батыр халық, спортшы халық, ағайын.  
Қазақ осы Азиада кезінде,  
70 медаль қалтасына салатын.

133-мектебім,  
Өзіңменен көктедім.  
Арайланып ақ таңға,  
Ата берсін көктемім!

Жұлдыз БЕРДІБЕКОВА,  
Алматы қаласындағы  
№132 мектеп-гимназия  
оқушысы.

## ФАРИЗА АПА

Тірлікте өлең – өмір, өмір – өлең,  
Түсімде қиялыммен жүзді кемем.  
Тербетіп көкөрайлы көңіл көктем  
Кейде бір күрсінгенде Сізді көрем.

Тарихтың ақтарсам да қай парағын,  
Мақтанып төзіміді айта аламын.  
Халқымның алаңдадым ертеңіне,  
Жүрсемде серік етіп нар талабын.

Қайрады отты жырың намысымды,  
Түзеді бұратылған ағысымды.  
Көрікті жырдың әсем жайлауында  
Үдетті асау тұлпар шабысымды.

Жүрекпен заман сырын шын ұқтың ба,  
Жырымен Махамбеттің шынықтың ба?!  
Ақ алмас ақиқаттың қылышындай  
Түсінді айтар жерде суыттың ба?!

Теңеймін қол жетпестей Сізді шынға,  
Өзіңіз – қыраным да, қызғышым да.

Ізетім Фариза апа, мүлде ерекше  
Жатсамда тайғанақтап мұзды сында...

## АБАЙҒА АРНАУ

Адамның қайсы бірі болсын өгей,  
Алармын қай асылды саған теңей?!  
Бізге бұл Шыңғыс таудай сырың жұмбақ,  
Қашанда қасиетің жүрсін жебей.

Шөл қанды мөлдір суын сіміргенде,  
Болғанын жаның қалар іңір демде.  
Баладай мәзсің жайсаң жайлауында  
Жалаң бас, жалаң аяқ жүгіргенде.

Жаралған тұлғаң түгел намысты оттан,  
Сақтасын Сізді Құдай қарғысты оқтан.  
Өзіңмен тілдесемін, ақын ата,  
Сыйласын шын көңілмен алғысты ақ таң!

Ақын ең еш адамға бас имеген,  
Соққы да аз емес-ау саған тиген...  
Тамызып сөйлегенде сөздің майын  
Тыңдаған құлақ балқып, ғашық неден?!

Сырыңды сақтағандай парак шіркін,  
Ұрпаққа айттың нақыл талай мың күн.  
Жырыңды жаттап өстік балғын жастар,  
Солардан тұлпар шәкірт шығар, мүмкін?!



**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басауға 03.07.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 965. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№7, 2014 ж., 144 бет, Алматы.